



КӨЛІКТЕР
- КӨНЕНІҢ
КӨЗІ,
МӘСЕЛЕНІҢ
ӨЗІ

3-бет



4-бет



Дархан БҰЛЖАНОВ,
Атырау облысы, Қызылқоға
аудандық полиция бөлімі
бастығының тергеу ісі бойынша
орынбасары:

«МАЛ ҰРЛАП,
БАЙЫҒАН АДАМДЫ
КӨРГЕН ЖОҚПЫН»

5-бет

ЗАН газеті

№61 (3592) 18 тамыз 2023

zangazet@mail.ru

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



КЕЙІПКЕР

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ - БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЛАРЫ

Жетісу облысы «Төтенше жағдайлар органдары ардагерлерінің Қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігі филиалының төрағасы Нұргелді Байғонысұлы ҚОЙШЫБАЕВ – өз саласының маманы. Төтенше жағдай қызметіне өмірін арнаған ағамыздың салаға қатысты айтары көп екен.

– Отыз жыл бойы төтенше жағдай кезінде тосылған жұртқа көмек қолын созып келесіз. Қауіп-қатер мен аңыз етіп айтар оқыс оқиғаларға толы еңбек жолыңыз қалай басталды?

– Кеңес Одағы кезінде екі жылдық әскери борышты өтеп келген соң, №92 өрт сөндіру бөліміне өрт сөндіруші болып жұмысқа кірдім. Мұндай таңдау жасауыма үлкен ағамның ықпалы болды. Өзіміз отбасында бес ағайындымыз. Бәріміздің мамандық таңдап, азамат ретінде қалыптасуымызға ағамның сіңірген еңбегі ерен. Бұл салаға келгенде, алғашында аға жүргізуші болып қызмет атқардым. Жас маман ретінде бір айға жуық дайындықтан өттік. Бөлім командирлері қандай жағдайда, не істеу керектігін тәптіштеп түсіндіріп, оқу-жаттығу барысында әбден шыңдады. Өйткені ауылдан келдік, көп дүниені білмедік, ұғынбадық. Ары кетсе шөп не сарай өртенгенін көргеніміз болмаса, басқа жағдайларды елестете де алмайтынбыз. Бәрін игергеннен кейін ғана «өз еркіммен жұмыс істеу» құжатымен төтенше жағдайдың сарбазы боп қатарға қосылдық.

– Төтенше жағдай қызметкерлері – бүгінгінің батырлары. Осы саланың ардагері ретінде сіздің де талай ерлік істеріңізден хабардар болдық. Жұмыс барысында ерекше есте қалған оқиғалармен бөліссеңіз.

– Әлі есімде... 2001 жыл болатын. Кезекті өрт сөндіруге шыққанбыз. Жеке тұрғын үйдің ауласында заңсыз салынған азық-түлік цехы қызыл жалынға ораныпты. Қою көк түтіннен ештеңе көрінер емес. Сол жерде жиналған бір топ адам ғимарат ішінде жұмысшылардың қалып қоюы мүмкін екендігін айтты. Қасымдағы әріптестерім өрт сөндіруге кірісіп кетті. Маған жанып жатқан ғимаратқа кіруге өрт арасынан саңылау ашып берді.

(Соңы 4-бетте)



Талдықорғандық журналист, Orda.kz сайтының қызметкері Сандуғаш Дүйсенованың мәлімдемесі қазақ қоғамын дүр сілкіндірді. Онда әріптесіміз өзіне қылмыстық іс қозғалды деп бөлімге шақырған полиция қызметкерлерінің камера алдында шешінуге мәжбүр еткенін жария еткен еді.

Журналист биылғы жылдың 11 тамызы күні кешкі сағат 17.00-де арнайы шақырумен полицияға барып, күтпеген жағдайға тап болыпты.

(Соңы 2-бетте)

ЖАНАЙҚАЙ

СУ АЗАБЫН ТАРТҚАН БІЛЕР...

Ел аман, жұрт тынышта ауыз су азабын тартып, кенезесі кепкен Талғар ауданына қарасты Қайнар ауылдық округі Еламан ауылы тұрғындарының мұңы бір басына жетерлік. Өркениет ғасырында ғаламдық жетістіктерді былай қойып, күнделікті қолданып ауыз су азабын сыздаса да Жалқамысқа жол тартып, сондағы амбулаторияны жағалауға мәжбүр. Бүкіл ауыл тұрғындарын қарайтын жалғыз фельдшер Дидар Асанованың отыратын тұрақты орны да жоқ. Күн ұзаққа кім шақырады, соған барып, дәрі-дәрмегін арқалап, ауыл ішін жаяу аралайды. Ал ауыл әкімінің орынбасары берген ақпар бойынша, ауылда 1126 адам ресми тіркелген, 229 отбасы бар. Егер тіркелмегендерді қоссаңыз, бұл көрсеткіш 2 есеге артуы мүмкін. Осынша халқы бар ауылдың мүшкіл халге жетуіне кім кінәлі?

«Мұхит ортасындағы арал»

Сусыз отырған, әсіресе, жаңа құрылыс жағының халқы ауыз суды амалдап, кейбірі үйінің қасынан құдық қаздырып алса, кейбірі «Елде болса, ерінге тиеді» дегендей, суы бар көршісіне күні қарап отыр. Бір айта кетерлігі, ескі су құбырынан алып отырғандардың да,

өздері қаздырып, сорғы арқылы алып отырғандардың да ішіп жүрген сулары санитарлық талаптарға мүлде сай келмейді. Тұрмыстық техниканың жетістіктерін де пайдалана алмайтынын айтқан тұрғындар оның себебін ауылдағы электр қуатының аздығымен түсіндіреді. Тіпті суы бар үйлердің өзі кір жуатын машинамызды қоса алмай, пұшайман боламыз дейді.

Ауыл ішіндегі асфальтталмаған жолдардың ақ шаңы аспанға көтеріліп жатқандықтан, күнделікті кір жуғаннан жалыққандарын айтқан әйелдер қауымы енді сабақ басталса, жуатын кірлерінің де екі есе көбейетініне налиды. Қабақтарына кірбің түсірген жуатын кір емес, оны жуатын судың жоқтығы мен қолындағы бар кір машинасын қосатын токтың жеткіліксіздігі. Оған ауылдың аспанын алып кететін ақ шаңды қосыңыз. Құдды бір өркениеттен ада қалған мұхит арасындағы арал дерсің...

Биылғы 21 шілдеде www.ile-tany.kz сайтында журналист Ақан Ақыловтың «Аудан әкімі Қайнар ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті» деген мақаласы жарық көріп, онда: «Еламан ауылының №41 орта мектебінде өткен кездесуде көптеген мәселелер көтеріліп, тұрғындардың сауалдарына нақты жауаптар берілді. Атап айтсақ, округтегі ең көкейкесті мәселелердің бірі – ауылдарды сумен жабдықтау.

2020 жылдан бастап «Еламан ауылының сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы» жобасы іске асырылуда. Жобаның сомасы 265,8 млн.теңге. Желілердің ұзындығы – 11 км. Келісімшарт бойынша жұмыстар аяқталған, қазіргі таңда ақауларды қайта қалпына келтіру жұмыстары жасалуда. Алайда мердігер ұйым жұмысты мерзімінде аяқтамады, қазіргі таңда нысан 98 пайызға ғана жасалған. Сол себепті желілерді тексеру және іске қосу жұмыстары осы жылдың маусым айының соңына дейін аяқталады деп күтілуде. Сондай-ақ «Қайнар

ауылының сумен жабдықтау жүйесін қайта құру және салу» жобасының сметалық құжаттарын әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жобалаушы ұйым – «Геодезия Сервис» ЖШС. Шарт сомасы – 4,3 млн. теңге. ЖСҚ аяқталып, қазіргі таңда су жинау торабына арналған жер телімі ресімделіп жатыр және «Redline Pro» жобалаушы ұйым тарапынан «Жаңалық және Дәулет ауылдарында сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңарту және салу» жобасы жасалуда. Жаңалық ауылы үшін жобалау құны 45,3 млн. теңгені, Дәулет ауылы үшін 20,6 млн. теңгені құрап отыр», – деген ақпар айтылған.

Осыған орай ауыл белсендісі әрі осы ауылдың молдасы Өміржан Тоғайбайұлын сөзге тарттық. Төрт жылдан бері Еламанда тұратынын айтқан ол: «Аудан әкімі келіп кетті. Жүйеге негізі су берілген. Бірақ кейбір жерлерінен ақау шыққан. Кейбір жерлерінен керекті кранды қоймаған, кейбір жерлерінен су атып кетті. Енді соны жөндеп жатыр. Су құбыры жаңа құрылысы бар, ескісі бар – бәріне тартылып қойған. Мердігер компания ұшта-күйлі жоқ боп кетті. Әкімдік оларды сотқа берді деген, бірақ әлі анық хабары да, шешімі де жоқ. Ескі су құбыры 50 үйге ғана есептелгенмен, 100-ге тарта үй содан су алып отыр. Ал жаңа құрылыс жағы тасып ішіп отыр ма, қазып шығарып алып жатыр ма, әйтеуір, өлместің күнін көріп келеді. Жел соққан күндері жарық та өшіп, мүлде сусыз қаламыз. Судың жоқтығынан мал да ұстай алмаймыз.

(Соңы 8-бетте)

ЖУРНАЛИСКЕ ЖАСАЛҒАН ҚЫСЫМНЫҢ АРТЫНДА НЕ ТҰР?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның үстінен осыдан 1,5 жыл бұрын адам өлтіріп, сотталған азамат «жеке өміріме қол сұқты» деп Жетісу облысы прокуратурының атына арыз жазған. Кезінде Дүйсенова Instagram парақшасына «күдікті туралы ақпарат болып жатса, полицияға хабарласыңыздар» деп хабарлама таратқанда, қағаздағы сотталған азаматтың жеке сәйкестендіру нөмірін жасыруды ескермеген. Арыздың жазылуына себеп болып отырған жай – осы.

Полиция бөлімінде тергеуші бұл әрекеттің «Жеке өмірге қош сұғу және дербес дерек пен оларды қорғау туралы заңнаманы бұзу» (147-бап) бабы бойынша ауыр айып екенін айтып, бірден қамауға алып. Бұл орайда Сандуғауштың ешқайда қашып кетпейтінін, ішімдік, есірткіге әуестігі жоқ екенін айтып шырылдағанына ешкім құлақ аспаған. Ең сорақысы, оны полиция бөлімінің Жедел басқару орталығына қосылған камераға жалаңаш түсуге мәжбүрлеген.

«Мен 55 жастағы әйелмін, бала-шағам, немерелерім, күйеу балаларым бар. Бірақ соған қарамастан, шешініріп, қорлық көрсетті. Бұл бейнетаспаның басқа жаққа тарап кетпесіне кім кепіл? Кейін наркологияға, сосын арақ ішкен-ішпегенін тексеретін бөлімге апарды. Іш киімдерімді тартып алды. Тестіртқышсыз ер адамдардың алдында жүріміме тарту келді. Масқара жағдай. Мен бірақ айтқандарының бәрін істедім. Сөйтіп, уақытша ұстау изоляторына қамауға алды. Жігіттер ұялды ма, әйтеуір, дурыс матрас, көрпе-төсегін берді. Ал түнгі 00:40-та үйіме жіберді. Енді үйге келіп, осынша қорлық көргенім намысыма тиіп жатыр», — дейді журналист.

Тәртіп сақшылары бұл рәсімнің заң аясында жүргізілгенін алға тар-

туда. Олардың айтуынша, жеке тінту рәсімі Қылмыстық-процестік кодекстің талаптарын қатаң сақтай отырып, бір жыныстағы тергеуші, сот-медициналық сарапшы және екі куәгердің қатысуымен жүргізілген. Аталған тергеу әрекетін жасау кезінде ғылыми-техникалық құралдарды (бейнекамера) пайдалану міндетті және бұл шара Қылмыстық-процестік кодекспен реттелді.

Дүйсенованың адвокаты Ильмира Назырованың айтуынша, оқиғаға себеп болған жай Қызылағаш ауылында орын алған. Ауылдасын атып өлтіріп, қолындағы екі жасар баласын жарақаттаған қылмыскердің бар болғаны алты жылға сотталғаны бүкіл тұрғындардың ашу-ызасын тудырған еді. Сандуғаш сол көпшіліктің жанайқайын басылым, әлеуметтік желі беттерінде жариялап, мәселеге қоғамның, құзырлы органдардың назарын аударуға тырысқан болатын. Журналист жазбасынан кейін қоғамда үкімге байланысты наразылық туды. Сонан соң апелляциялық сот үкімді өзгертіп, кісі

өліптерін қылмыскерді 16 жылға бас бостандығынан айыраған. Енді, міне, 1,5 жылдан кейін осы қылмыскер журналисті өзінің келісімінсіз жеке деректерін жариялады деп айыптауды ұйғарыпты. Сотталушының айтуынша, Дүйсенованың материалында ЖСН жарияланған соң, балаларына қысым жасалып, мектепте оқуы қиындаған. Заң бойынша, бұл әрекет адамның жеке өмірі, отбасылық құпиясын құрайтын апараты таратты деп танылып, ол үшін Қылмыстық кодекстің 147-бабы бойынша 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Ал, шын мәнінде қылмыскердің отбасы оқиға болған қауыпсызға тұрмайды. Олар бұлауылдан сот шешімі шыға салысымен көшіп кеткен. Қылмыскердің

мектеп жасындағы баласы жоқ. Білім ұйымының директоры «Сұраныс жіберсеңіз, оның балалары оқымайды, олардың қайда тұратынын мүлде білмейміз, ауылда жоқ» деген жауап беремін. Кісі өлтірілгеннен кейін бүкіл отбасы көшіп кеткенін бүкіл ауыл айтуға дайын» деп отыр.

Журналистің қателігін жария ету нәтижесінде бір жарым жылдан кейін қажет болды? Ол үшін журналист шешіндіріп, қорлаудың сырын неде? Шын мәнінде Сандуғаш Дүйсенованың әрекеті қылмыстық емес, әкімшілік заңнама аясында қарастырылуға тиіс емес пе? Полиция бөлімшесінде жеке тінту Қылмыстық-процестік кодекстің 254-бабы бойынша айыпкердің денесінен, киім-кешегінен заттар мен құжаттарды алу мақсатында жүргізілуі керек. Соған орай тінтуден бұрын іске қатысы бар заттар мен құжаттарды ерікті түрде беру сұралуы қажет еді. Журналистің айтуынша, полицейлар тарапынан мұндай талап болмаған. Бірден жалаңаштап, тінтуге кіріскен.

Абсурдқа толы бұл мәселенің шыңдағы неде? Нәликет жағдай осындай деңгейде уыштық? Сандуғаштың және ол қызмет атқаратын «Orda.kz» сайтының бас редакторы Гүлнар Бажженованың айтуынша, мұның бірден-бір себебі журналистің өтірік, сыни материалдарымен байланысты. Оқиғаның саяси сипаты бар. Бүгінде қоғамдық ой-пікірдің мінберіне айналған әлеуметтік желілердегі айтылып жатқан әңгіменің мазмұны да осыған саяды. Ондағы белсенділер, журналистер қауымының көпшілігі бұл шараның заңсыздығы және соңғы кезде жиілеп кеткен журналистерге қысымның жалғасы деген ортақ тұжырымға келуде.

Мұнымен келіспеске шара жоқ. Өйткені тәуелсіз қорғаушы ұйымдар соңғы бір-екі жыл ішінде еркін

КУКУ

ойлы журналистерге жасалатын қысымның көбейіп кеткенін айту- да. Мәселен, осы бағытта ауқым- ды шараларға мұрындық болып жүрген «Әділ сөз» халықаралық сөз бостандығын қорғау қорының дерегінеше, аталған уақыт ішінде журналистерге, блогерлер мен бұқа- ралық ақпарат құралдарына қарсы 27 шабуыл, 26 қоқан-лоққы көрсету дерегі тіркелсе, 17 журналист қамау- ға алынып, тоғызы тұтқындалған. Сондай-ақ бас бостандығынан айыру немесе бас бостандығын шектеуден бөлек, құқық бұзды деген желеумен 80 айыптау оқиғасы тіркелінті. Со- лардың ішінде журналистер Михаил Козачков пен Махамбет Әлжанның қамауға алынуы, Олеся Вертинс- каяның соққыға жығылуы, Динара Егеубаеваның көлігінің өртенуі, Ва- дим Бореikoның үйінің есігіне құлып салу оқиғалары бар.

Тек биылғы жылдың қаңтар айында аталмыш ұйымның тұрақты мониторингі аясында 20 құқықбұзушылық анықталған. Оның ішінде қорқыту бойынша төрт факті, редакцияға шабуыл жасау бойынша екі жағдай және кәсіби қызметке кедергі жасау бойынша екі факті тіркеліпті. Қор президенті Қарлығаш Жаманқұлованың айтуынша, Қазақстанда журналистер жасалған шабуылдардың себебін олардың кәсіби қызметімен байланыстырмау мүмкін емес.

Бұған сенбеске шара жоқ. Өйткені Сандуғаш – аймақтағы әлеуметтік мәселелерді өткір жазып, ерекше белсенділігімен танылған журналист. Оны, әсіресе, көпшілік Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған ескерткіштің құлағаны жайлы тұңғыш хабар тараушы ретінде жақсы біледі.

Қуаныштысы сол, Сандуғаштың басындағы жағдай журналистерді біріктірте түсті. Қазіргі таңда әлеуметтік желіде оны қорғаушы әріптестер қатары күн санап артып жатыр. Утаспан желісінде «Сандуғашты қорғау» атты арнайы топ ашылды. «Әділ сөз» халықаралық сөз бостандығын қорғау» қоры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа мәлімдеме жасады. Онда бұл оқиғаны сөз бостандығының өрескел бұзылуы, адамдық қадір-қасиетінің аяққа тапталуы деп баға берілген. Конституцияның 17-бабына сәйкес, адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайтындығы, ешкімді азап-

тауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгездік немесе ар-намысын қорлайтын қарым-қатынасқа немесе жазалауға болмайтындығы айтылған. Сонымен қатар, Қылмыстық процесілік кодекстің 13-бабына сәйкес, қылмыстық процеске қатысушы адамның ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін төмендететін шешімдер мен әрекеттерге қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде тыйым салынатынына назар аударыла келе, оқиғаның тиісті құзырлы орындар тарапынан заңдылыққа сай қаралып, әділ шешім шығарылуын талап еткен. Тек осы мәселе бойынша қор бір күннің ішінде бірнеше БАҚ-та материал жариялап, құқықбұзушылыққа тосқауыл қою қажеттігі жайлы мәлімдеді. Сонымен қатар Парламент Мәжілісінің депутаты Мақсат Толықбай Бас Прокурор Берік Асылытовты атына үндеу жариялап, Сандуғаш Дүйсенованың басындағы жағдайды азаматтың конституциялық құқығының тапталуы деп атап, мәселенің заңнама аясында шешуін талап етті.

Осындай жан-жақты шаралар өз жемісін берді. Сейсенбі күні кешкісін Сандуғаф Дүйсеновның үстінен қозғалған іс қысқартылды. Алайда журналист өзінің тапталған ар-ождының қорғауды жалғастыруға ниетті. Оның бұл ойын құптаушылар да аз емес. Тіпті белгілі бизнесмен Болат Әбілов те фейсбуктегі парақшасына бұл істі ақырына жеткізу, сол арқылы елдегі сөз бостандығына жасалатын қысымға тосқауыл қою жайлы ойын ашық айтты. Осы орайда әріптесіміз, қоғам белсендісі Ораз Әлімбековтің жанайықайы айрықша шығып отыр. Оның айтуынша, жиілеп кеткен айыптау мен жаппай соттау науқаны журналистердің кәсіби қызметімен байланысты. «Бұл «Масс-медиа туралы» заңды қабылдап алдындағы «артиллериялық» дайындық сияқты. Себебі Конституцияда жазылған сөз бостандығын, еркін ақпарат алу және оны тарату құқығын жанын салып қорғауға журналистер мүдделі.

Қалай айтсақ та, Сандұғаш Дүйсенованың басына түскен жағдай қоғамға үлкен ой салды. Биліктің мұны терең зерделеп, әділ де тиянақты шешім қабылдауы елдегі көп мәселенің басын ашары сөзсіз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Алқабилер соты – ел дамуын, халықтың құқықтық сауаты мен азаматтық белсенділігінің артқанын айғақтайтын көрсеткіш. Дамыған мемлекеттердің бәрінде алқабилер соты жұмыс істейді.



АЛҚАБИЛЕР - ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ӨКІЛІ

Біздің елімізде алқабилер сотын құру туралы алғашқы бастама құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған болатын. 2010-2020 жылдарға жоспарланған бұл тұжырымдамада алқабилер институтының маңызы айтылып, жаңашылдықты тәжірибеге енгізудің тиімді тұстары дәйектелген еді. Осылайша, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Алқабилер туралы» заң қолданысқа енгізілді. Міне, сонан бері бұл институт жыл сайын толығып, уақыт өткен сайын жанданып, халық пен сот арасын жалғауға қызмет етіп келеді. Бұл институттың басты ерекшелігі – сот төрелігін жүзеге асыруға кәсіби судьямен бірге құқықтық білімі жоқ, заңда белгіленген шектеулерден өтіп, арнайы тандап алынған қоғам өкілдерінің қатысуында.

Ең алғаш жұмысын бастағанда алқабилер тек облыстық және оған теңестірілген соттарда әрекет етті. Әрі істерді қарауға екі судья және тоғыз алқаби қатысты. Кейіннен алқабилердің қатысуымен қаралатын процестер қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған

ауданаралық соттарда және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттарда бір судьяның және он алқабидің қатысуымен қаралатын болды.

Одан бөлек, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында алқабилер сотының құзырын кеңейтуге, танымалдығын арттыруға ықпалын тигізді. Осылайша қоғам өкілдерінің алқабилер ретінде сот төрелігін жүзеге асыруға кеңінен қатысуына жол ашылды. Сондай-ақ алғашында алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығаратын болса, кейінгі өзгерістерге орай алқабилердің қарауына берілетін істердің санаты кеңейді. Бұл жаңашылдық сот жүйесін демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

Әрине, алқабилер сотын ұйымдастырудың өзіндік қиындығы болды. Әсіресе, алғашқы кезде әкімдіктер дайындаған тізім дұрыс жасалмай, алқабиле сотталған, психологиялық сырқаты бар

адамдардың ілініп кеткен кезі де болды. Тіпті, қайтыс болған адамдарды да тексермей, алқаби ретінде тізімдегендер кездесті. Сонша адамның ішінен іріктелген жандардың алқаби болудан бас тартқандары, жұмысын, басшысын сылтау етіп, сот отырысына саналы түрде қатысқысы келмегендері де аз емес. Алайда алқаби болудың міндеті, маңызы, жауаптылығы мен артықшылығы туралы жан-жақты түсіндіріліп, қызметі үшін ақы төленетінін естіген соң, өзіне жүктелген қызметті талапқа сай атқаратындар қатары артауда.

Алқабилер – қарапайым халықтың өкілі. Бүгінде халық өкілдері төрелік ететін істер жыл санап көбейіп келеді. Бұл халықтың жаңашылдықты жылы қабылдағанын, алқабилер институтына сенімі артып келе жатқанын аңғартса керек.

**М.КАКИМЖАНОВ,
Алматы қаласы
қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы**

ӘДІЛЕТ

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ
ТІРКЕУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ БАР**

Күнделікті өмірімізде біздер зияткерлік меншіктің сан алуан түрімен кездесеміз және пайдаланамыз. Мысалы, күнделікті пайдаланатын телефонымыздан зияткерлік меншік объектісінің бірнеше түрін көруге болады. Ол: тауар белгілері, авторлық құқықтар, өнертабыстар және т.б.

Авторлық құқық адамның санасынан (ақыл-ойынан) қандай да бір туынды жарық көргенде пайда болады. Ол ғылым, әдебиет, өнер салаларында көптеп кездеседі. Елімізде авторлық құқықты қорғауға үлкен мән берілген. Оған дәлел, 1996 жылдың 10 маусымында «Авторлық құқық пен сабақтас құқық» туралы заң қабылданды. Бұл заң 1886 жылы 9 қыркүйекте Швейцарияның Берн қаласында қабылданған «Берн Конвенциясының» талабына сәйкестендірілген. Қазақстан азаматтары жасаған өнер туындыларының авторлық құқығы, олардың қайда тіркелгені немесе тіпті тіркелмегеніне қарамастан, Берн конвенциясының қатысушылар ретінде толық қорғалады. Еліміздің Әділет министрлігі авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асырып келеді және бүгінгі күнге дейін орасан жұмыстар атқарды.

Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, туындыны арнайы рәсімдеу немесе қандай да болсын шартты сақтау талап етілмейді. Яғни, бұл жерде де туынды иесіне өзінің авторлық құқығын тіркету міндеттелмеген. Алайда, туындыны қорғау, жариялау немесе туындылар арқылы пайда табу үшін алдымен авторлық құқықты рәсімдел алғаны абзал. Осы бағытта Әділет министрлігіне ведомстволық бағынысты «Ұлттық зияткерлік меншік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны жұмыс атқарып жатыр. Бұл сараптама ұйымының негізгі қызметінің бірі – авторлық құқық туралы мәліметтерді және олардың өзгерістерін тізілімге енгізу, тізілімді жүргізу және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Тізілімге енгізу үшін автор өтінішпен Ұлттық зияткерлік меншік институтына жүгінуі тиіс. Бұл жерде толық ақпаратты Ұлттық зияткерлік меншік институтының kazpatent.kz сайты арқылы білуге болады. Өздерінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және

(немесе) құқық иеленуші авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы, ол белгі туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде мынадай үш элементтен тұрады:

- 1) қоршауға алынған латынша «С» әрпі;
- 2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы);
- 3) туындының алғаш жарияланған жылы.

Авторлық құқықты қорғау белгісінің болмауы авторлық құқықтың қорғалмайтынын білдірмейді. Авторлық құқықтың қорғау белгісінің болу, болмауы туындыны лицензиялауға әсер етпейді. Авторлық құқық автордың бүкіл ғұмырында және автор қайтыс болғаннан кейін 70 жыл көлемінде сақталады. Авторлық құқығы, атына құқығы, автордың атағын қорғау құқығы мерзімсіз сақталады.

[illegible]

Өнертуындыға айрықша құқығы бар адамдар оны жеке-дара қолдануға құқылы және басқа адамдардың өнертабысты қолдануына тыйым сала алады. Өнертабыстың авторы өз құқығын үшінші тұлғаға бермесе (айрықша құқықтарын беру туралы авторлық келісімшарт жасамаса), айрықша құқыққа ие болады. Өнертуындыға айрықша емес құқығы бар тұлға және осындай әдіспен аталған өнертуындыны қолдану үшін рұқсат алған басқа да тұлға өнертуындыға айрықша құқығы бар тұлғамен бірдей туындыны қолдану құқығы бар. Сонымен бірге кез келген автор, оның мұрагері өзінің мүліктік құқықтарын мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға беруге құқылы. Әр азамат өз туындысының авторы ретінде туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алуға құқылы. Оның мөлшері мен есептелу тәртібі авторлық шартпен, сондай-ақ авторлардың мүліктік құқықтарын ұжымдық негізде басқаратын ұйымдармен жасасатын шарттармен белгіленеді.

Айгүл ЖУБАНЫШКАЛИЕВА,
Атырау облысы Әділет департаменті
басшысының орынбасары

КӨКЕЙКЕСТІ

КӨЛІКТЕР – КӨНЕНІҢ КӨЗІ, МӘСЕЛЕНІҢ ӨЗІ

Жаңа көлік алу көп қазақстандықтардың тәтті түсі һәм асыл арманына айналып отыр. Тозығы жеткен көліктің машаһатынан шаршаған қараша автосалондарға барып, шертіп таңдағысы келеді. Дегенмен қарт көлікті көңіл қиғанмен, жаңасына қаражат қат. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, елде 4 миллионнан астам темір тұлпар жүйіткіп жүр. Соның тең жартысы – тозығы жетіп, қу сүйегін өрең сүйреп жүрген ескі көліктер.



Шыққанына 20 жылдан асқан көліктердің саны 2 миллионға жуықтады. 10-20 жыл аралығында қолданыста жүрген көліктердің саны – 900 мың. 7-10 жыл аралығында шығарылған 500 мыңнан аса көлік бар. Бұл сандар әлі де өсетіні сөзсіз. «Ел арасында «конструктор көліктер» деп аталып кеткен машиналардың шекара асып келуіне берілген келісім ескі көліктер санының артуына әкеледі»,- дейді мамандар. Ескі көліктердің басым бөлігі Жамбыл, Алматы, Түркістан облыстарында. Қауіпсіздігі төмен, бұзылуға бейім, сайманы сапасыз, қызмет көрсетуі қымбат көліктерді халық қашанғы сүйреуі керек, елдің қолы қашан жаңаға тиеді?

Ескі көліктің басты мәселесі – экологияға кері әсері көп. Зерттеп көргеніміз сол еді, цифрлар сөйлегенде жағамызды ұстадық. Ауаны ластайтын зиянды түтіннің 90 пайызын автомобильдер бөледі екен. Әрісінде қалғаны 10 пайыз. Өнеркәсіп орындары, зауыттар, өртенген үлкен қоғас аландарының үлесі осы азғантай ғана пайызды құрағаннан-ақ, көліктің қоршаған ортаға келтірет зиянын түсінген боларсыз. Әсіресе, халық көп шоғырланған Алматы, Астана, Шымкент секілді алып шаһарларда бұл мәселе өткір тұр. Адам жаны мен табиғаттың етене үндесетіні белгілі. Бірінің себебі екіншісінің салдарына айналатыны заңды құбылыс. «Ауа құрамында зиянды заттар көбейгендіктен, адам бойында да кінәрат түрі көбейеді»,- дейді мамандар. Лас ауаны жұтынған жұрттың арасында тыныс алу жолдарындағы қатерлі ісік ауруы дендеп келеді. Бұл тажалдың арты немен аяқталары көпшілігіңізге мәлім. Экологияға салғырт қараған біздің басымызға келген бір ғана кеселді атадық, зиян да, залал да шаш-етектен. Бір түсінуіміз керек жайт бар. Табиғат-анаға қамқорлық танытпасақ, адамнан да мәселе арылмайды. Формула солай.

Шет елдерде көне көліктер утилизацияға жіберіледі. Жүрісі шектеліп, саймандары жойылып, қайта өңдеуге жарамдысын өндіріс орындарына шикізат ретінде жөнелтеді. Олар көлік ескірген сайын қоршаған ортаға зияны артады деп түсінеді. Ал бізде қалай? Темір тұлпарыңыздың төрт дөңгелегі мен қауқиған қанқасы болса болғаны, жүріске жарамды деп техникалық тексерістен өткізіп жіберетін секілді. Мәселен, біздің автонарықтағы 2013 жылғы көліктерді қарайық. Шыққанына он жыл болса да, халық оны жаңа көлік деп есептейді. Әрине, отыз, қырық жылдап иесіне қызмет етіп келе жатқан көліктердің қасында су жаңа тұлпар. Дегенмен шет елдерде оның құрдастарын ескінің нақ өзі деп бағалайды. Утилизация деген бізде де бар. Дегенмен мемлекет ұсынған жүйе халықты ынталандырмайды. Ескі көлігіңізді әкеп өткізгеніңізге небәрі 200 мыңның айналасында теңге ұсынады. Қолды бір-ақ сілтеп, «Жаңа көліктерге ғана жолға шығуға рұқсат ету керек», – деп айту оңай, алайда ішкі нарық пен әлеуметтің әлеуеті тым кенжелеп тұр.

Жаңа көлік жайы да қиынның қасында. Елімізде көліктің алғашқы иесі болуды қалаған қарашаның үлесі 31,1 пайызға артқан. Өткен жылы елімізде 100 мыңнан астам жаңа көлік сатылған. Биылдың өзінде бес айлық есеп бойынша 66,3 мың автомобиль саудаланған. Сұраныс сапында өзімізде құрастырылатын «Шевроле», «Киа», «Хюндай» секілді маркалар мен қатар қытай нарығынан енген «үздік» ойыншылар бар. Бұл тұста екі мәселені атап өткіміз келеді. «Даудың басы дайрабайдың ала сиыры» дегендей, алғашқысы – қымбатшылық. Тұтынушылар: «Көлік қымбат, алғанның өзінде бағасына татымайды. Кепілдік уақыты да көпке

бармайды, салоннан міндім деген аты болмаса, ескі көліктен көп бұзылмаса, аз мазаламайды», – дейді.

Айтуларынша, жаңа көлік алатын қаржыға шет елден одан әлдеқайда жақсы, мүмкіншілігі көп, сенімді көлік алуға болады екен. Шекаралық шектеулер, шамадан тыс салық жайы жұртты бүйірінен қысып тұр. Бұл тұста белгілі автоблогер, сарапшы Ерғазы Әзімханұлы: «Утильсбор мен алғашқы тіркеу үшін төлемді мүлдем алып тастау керек. Шекара асып, көлік іздегендерге жағдай жасамасақ, отандық нарықтың жағдайы қиын. Халық аз ақшасына сапалы көлік алғысы келеді, алайда бізде жаңа көлік түгiлi жүрiлгенiнiң өзi қымбат», – дейді. Ол: «Автоиндустрия саласы субсидияланса да, өнімдері неге қымбат?» – деп налиды. Рас, бізде жаңаның бағасы жоғары. Қалтаңызда қаржыңыз болғанымен, бірден көлікті бола алмайсыз. Жаңа көлікке деген сұранысты толық қамтамасыз етіп отырымыз деу қиын. Кезегін күткен жүргізушілер көп.

Түйткілді мәселе турасында жауаптылардың да өз айтары бар. Тамыз айының басында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Онда машина жасау саласын одан әрі дамыту бойынша атқарылған жұмыстар жайы талқыланды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев, Қазақстан машина жасаушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Ерқанат Мақанов баяндама жасады. Сөз басында Смайылов атаулы саланың ішкі нарықтағы үлесі 13 пайызды ғана құрап отырғанын сынға алды. Импорт шамамен 20 млрд теңгенің шамасында.

«Соңғы 5 жыл ішінде саланың нақты өсімі 2,3 есені құрады, ең үлкен өсімді автомобиль жасау саласы көрсетіп отыр. 2022 жылдың қорытындысы бойынша, машина жасауға шамамен 500 млн доллар тікелей инвестиция тартылды, бұл – рекордтық көрсеткіш. 2023 жылдың I тоқсанында салаға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар 208 млн доллар болды. Айта кету керек, өңдеуші өнеркәсіп салаларының ішінде машина жасау саласы – ең қарқынды дамып келе жатқан сала. Салыстырмалы түрде соңғы 5 жыл ішінде өңдеуші өнеркәсіптің орташа өсу қарқыны 4,5% болса, ал машина жасау саласының өсу қарқыны 17,6%-ды құрап отыр. Бұл үрдіс биыл да байқалады, 6 айдың қорытындысы бойынша, нақты көлем индексі 128,8%-ды құрады, 1 трлн 800 млрд теңге сомасына өнім шығарылды. Басты назар жаңа жобаларға аударылуда. Осы ретте 2028 жылға дейін 1 трлн 700 млрд теңгеге 151 жобаны іске асыру жоспарланған. Оның ішінде биыл 217 млрд теңгеге 29 жобаны іске асыруды көздеп отырмыз», — деді Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев.

Не десек те, қазақстандықтар жаппай жаңа көлікті тізгіндер күн алыс. Экологтардың да, дәрігерлердің де, жауапты мамандардың да өз айтары бар. Алайда, адам денсаулығы мен қауіпсіздігі бірінші орында болуы керек. Осы тұста дамыған мемлекеттердің тәжірибесімен бөліскіміз келеді. Зиянды түтіннен зәрезап болған кей елдер жеке көліктерімен жүруді қойып, қоғамдық көліктерге көшкен. 20 адам 20 көлік мініп, 20 тұстан ауаны ластағанға қарағанда, 1 көліктің түтін зияны аз болады деп келіскен болар. Әрі миллиондар шоғырланған жерде қоғамдық көлік – жылдам және арзан тасымал көзі. Ең бастысы, экологияға тиімді.

Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ҚАРЫЗ БЕН ПАРЫЗ

Бүгінде қарызданып-қауғаланып той жасап, артынан кредит төлеп жүйкесі жұқарып, тиын табу үшін табанынан таусылып жүргендердің қарасы көп. Ашық ақпарат көздеріндегі деректерге көз жүгіртсек, несие алудан «қара жарысқа түскен» қазақстандықтар өзге елдермен салыстырғанда алдыңғы қатарға шыққан. Оның ішінде жаны қысылғанда мұқтаждықтан қарыз алғандарды қоспағанда, «мен анадан қалам ба?» деген соқыр санамен автонесие, ипотекалық несиелермен қатар, той жасау үшін ойланбастан белшесінен қарызға батқандар саны күн санап артып барады.

ҮРІП ІШІП, ШАЙҚАП ТӨККЕНДІ КІМ ЖЕК КӨРСІН?

Пайызы жоғары болса да, қалтасын қағып қарыз алғанға еті үйреніп кеткен көп қазақстандықтың ішінде несиені несиенен жауып, соңында алған үйі мен машинасынан да айырылып, ақыры бармағын тістеп далада қалғандарды санап жатқан кім бар дейсің? Үрерге иті, сығарға биті қалмаса да, айналасындағылардың айтар өсегіне қалмас үшін қарманып, қары талғанына қарамай, қара жарысқа түсетіндерге тоқтам болуға «қауқары жоқ» қарыз деген бәленің қамытын кигендерге жаны ашып жатқан ешкімнің жоғы да әмбеге аян. Ал ауыл-үй арасындағы ағайын-туыстың ғана арасында атап өтуге болатын шілдехана, бесік той, тұсау кесер, сүңдет той, тілашардан бастап мерейтойлар, т.б. үшін де құрығына бір ілсе құтқармайтын банктердің қармағына ілініп жүргендер қаншама?!

Жо-жооок, дұрыс түсініңіз, қуанышқа қарсылығымыз жоқ. Десе де, көрпесіне қарай көсілетін қазақтың осынша дарақыланыуына не себеп болғанын білгіміз келіп көкейдегі көп сұрақтың жауабын

іздеп отырған жайымыз бар. Иә, малын баласы үшін жиып, барын сол үшін шашатын қазақтың түсінігіндегі парыз бен қарыздың осыншалықты егіз ұғымға айналарын кім білген? Ал сөйтіп жанын шүберекке түйіп, басын бәйгеге тігіп жүріп үйлендірген ұлы мен келіннің болмайтын бірдеңеге ренжісіп, екі жаққа кеткенін көргенде, төлейтін қарызы қабырғасын қайыстырып, ұл мен келіннің қылығы тамағына тірелгенде, басын тауға да, тасқа да соғып, кімді кінәларын білмей пұшайман боп отырғандар кімді кінәлайды? Кезімнің қарашығы деп жан ұшырып жүріп солардың айтқанын істеп, айдағанына көнген атананың жайын кім ойлайды?

Қуанышты қызғанып отырған жайымыз жоқ, бар болса, батып ішіп, тоқ болса, үріп ішіп, шайқап төккенді кім жек көрсін?! Біздің айтып отырғанымыз – аш отырса да, алдына жан түсіргісі келмей жанталасатын көрсекызарлардың қылығы. «Той – құдайдың қазынасы» дейтін қазақтың қарызға батқандағы базынасы көбейген шақта «осынша шашылу-



БАЗЫНА

ҚЫЗДЫҢ НАМЫСЫ – ЕЛДІҢ НАМЫСЫ

Қазақ қыздарының шетелдіктерге тұрмысқа шығуы барлық кезде өзекті. Таңдау өзінікі, біз зайырлы, демократиялық елміз деген күннің өзінде, қазақ қызының «өзге елде емес, өз елінде отау көтеріп, туған жерге туын тіккені» кез келген үшін мақтаныш болар еді. Алайда бүгінгі статистика Қазақстанда бұл теріс үрдістің кеңінен бедең алып бара жатқанын көрсетіп отыр.

Өзіміз де күн сайын әлеуметтік желілерден шетелдіктерге ұзатылып жатқан қандас қарындастарымыздың той салтанатын кездестіретін болдық. Қыздарымыздың бақытты болғаны жақсы, бірақ шетелдіктерге кетіп жатқаны аздап көңілді бұзады. Себепті қайдан, кінәні кімнен іздерінді білмейсің?!

Түркіменстан қызын алатын болсаңыз \$ 50 мың, Өзбекстанда – \$ 40 мың, Түркияда – \$ 80 мың, Әзірбайжанда – \$ 50 мың қазынасына құясыз.

Жапония қыздары шетелдікке тисе, азаматтығынан шығарады, күйеуіне азаматтық бермейді, туған баласына да азаматтық берілмейді.

дың реті бар ма, жоқ па?» деген сұрақты қойғымыз келеді. Өйткені онды-солды шашылып, орынсыз ысырап жасап, той тойлап, жыр жырлап жүргенде, мына жағыннан жағадан алатын қарыздың қысары тағы бар емес пе?... Ал бұған тойды ешкімдікінен кем қылмай өткізу үшін шақырылатын «жердің жасанды жұлдыздарын» қосыңыз. Ауыздарын ашқанына ақша сұрайтын әнші-күйші, биші қауымның да сені аяп жатпай-ақ, қарлып қалғысы келетін қомағай көмейін тойдыратын көмбеңнің болу, болмауы да шарт емес, тек айтқанын екі еткізбей алақандарына салсаң болғаны. «Іс бітті, қу кеттінің» күйін кешесің.

«Бардың малын шашатын, жоқтың артын ашатын» өлім-жітімнің өзін несиенен атқаратын халге жеткенімізді несіне жасырайық? Даңғазалық пен даңғойлықтың көкесін көзіне көрсетін болғанымыздың бір айғағы ретінде қарға адым жерге салып тастаған, салынып жатқан қаптаған тойханаларды айтсақ та жетіп жатыр.

Басқа жерді айтпай-ақ қояйық, тек Алматыдан Талғарға дейінгі Тас жолдың бойындағы тойхананы санап тауыса алмайсың. Бірінен бірі өтетін салтанатты сарайлар көздің жауын алғанда «шіркін, осының бірінде дүркіретіп той жасасам ғой» демейтін қазақ жоқ шығар, сірә? «Той дегенде қу бас домалайды» дейтін қазақ төмсілдің шығуы да тегін емес. Бірақ астарына үңілсең, мағынасы терең, айтары бар осы сөздің шын мағынасын ұғып жатқан кім бар дейсің?! Жарлыны тойдырып, жақыбайдың жағасын бүтіндейтін кешегі қазақ тойының жөні жатыр емес пе астарында. Ал қазір ше? Қазір қайыршы келсе, есігінен қаратпақ түгілі, тойдың сән-салтанатына шіркеу болдың деп артына ит қосып қуып, тойхананың маңына жолатпайтын астамшылықтың барын айтпай кетсек, арымызға сын болар. Осындайда шешемнің айтатын: «Той-томалақта, топырақты өлімде есігіңнің алдына келген мүсәпірді тойдырып жібер. Мынаның ниеті қандай екен деп оларды Алла саған сынаққа жібереді. Жалғыз аяқ астан артылып кетер жерің жоқ, барынды беріп шығарып сал!» дейтін аналық ақылы даналықтың өзіндей болып тұрады.

Той мәдениетінің қазіргі қалыбындағы дарақылдық пен даңғойлықтың шеті мен шегін айтып тауыса алмаспыз. Осы орайда бір көргенімізді де айта кетейік, есі бар есті асабалар келін мен ұлға ата-енесінің аузына қасықпен торт «тықтыратын» әдеттен аулақтай бастапты. Сосын бүкіл елдің көзінше қызды біреу алып қалатындай күйеу жігіттің көтере салып тұра жүгіретініне қарсылық күшейіпті. Дұрыс-ақ, қазақ салтының қаймағы бұзылмаса игі еді дейсің. Бізді мазалаған сұрақ ендігі жерде тек сол тойлар қарызсыз өтелетін парызға айналса қандай ғанибет болар еді деген игі тілек қой.

Жанбота
СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

Ғ.ЮСУПОВ



ҚАРЖЫГЕРЛЕРДІ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕТКЕН ФОРУМ

Алматыда іскер жандардың басын қосып, қазақша диалог құруға себепші болған «Sana Business Forum» форумы өтті. Белгілі экономист, білікті маман Мақсат Халықтың бас-тамасымен ұйымдастырылған бұл шарада Үкімет, бизнес және ғылым арасында байланыс орната отырып, ел экономикасының даму мәселелері, сын-қатерлері және мүмкіндіктері талқылаға салынды. Осындай маңызды, қажетті жиынның өтуіне Tas Group, Trilith Plastic компаниялары мен «Асылтас» қоры қолдау көрсеткенін де айта кетуіміз керек.

Форумға 50-ден аса сарапшы мен қонақ шақырылған. Одан бөлек, қаржы саласындағы мәселелерді талқылап, тыңдау үшін 300-ге жуық адам қатысты. Жұртшылық қты-ғыушылығын тудырған форумға Ұлт-тық экономика министрлігінен және Ауыл шаруашылық министрлігінің арнайы өкілдер келді. Сондай-ақ, экономист Жақсыбек Құлекеев, «Ата-мекен» ҚР ҰКП Төралқа төрағасы Райымбек Баталов, «Сентрас Иншу-ранс» сақтандыру компаниясының

персонал жөніндегі директоры Айгүл Қуатқызы, «Golden Bridge Partners» серіктестігінің негізін қалаушы және директоры Жаға Post компаниясының негізін қалаушы Болатбек Дәлел-ханұлы, «QAZHEALTH TRADE» ЖШС директоры Айтуған Мұқашев, SONA lab, Med Progress, Nomad Goldman Logistics, Acvee Finance компания-ларының негізін қалаушы Аслан Назаралиев, Америкалық AES кор-порациясының Арлингтондағы бас кеңсесінде робототехника мен дрон-дар жөніндегі бағдарламаның жаһан-дық жетекшісі Әсел Аяпова және өзге де танымал ғалымдар, кәсіпкерлер, экономистер мен сарапшылар қаты-сып, іскерлік ортаның жаңалықтары мен мәселелерін ортаға салды.

Форум шеңберінде өткен панель-дік сессияларда шағын және орта бизнестің дамуы, мықты команда құру, бизнестегі тиімділік және нәти-желілік, инновациялар және Data Science сынды тақырыптар талқыға салынды.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

АКЦИЯ

200-ДЕН АСТАМ КӘСІПКЕР ТЕГІН ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС АЛДЫ

Алматыда кәсіпкерлерге тегін құқықтық көмек көрсету бойынша акция өтті. Оны Алматы қалалық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі мен Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы бірігіп ұйымдастырды. Акция «Бизнесеке жол» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобалары шеңберінде жүзеге асырылды.

Кәсіпкерлерге ыңғайлы болу үшін мемлекеттік органдардың басшылары мен білікті заңгерлер 268 бизнес субъекті орналасқан «FORUM» сауда-ойын-сауық орталығында кеңес берді. Сұрақтардың басым бөлігі кеден бекеттерінің өткізу қабілеті, тауарларды ресімдеудегі шамадан тыс құжаттама, жер қатынастары және құрылыс саласы бойынша қойылды.

«Біз кәсіпкерлердің алдында тұрған әкімшілік кедергілерді анықтау және жүйелі түрде жою арқылы бизнестің мемлекетпен қарым-қатынасын барынша жеңілдеткіміз келеді. Бұл акция кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне жедел ден қоюға көмектеседі деп сенемін», – деді Алматы қаласы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің алдын алу басқармасының басшысы Қанат Сәлімбаев.

Еске салсақ, Агенттік кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне шектеулерді жоюға бағыт-талған «Бизнесеке жол» жобасын жүзеге асырып жатыр. Жоба аясында респу-блика бойынша 10 мың кәсіпкердің қатысуымен 700-ден астам кездесу өткізілді. 23 салада 340-тан астам түйткілді мәселе шешілді, 9,2 мыңнан астам кәсіпкерге көмек көрсетілді. Жер пайдалану құқығын іске асыру, инфрақұрылым объек-тілеріне қосылу, ақпарат алудан және шектеуді алып тастау бойынша өтініштері негізсіз қаралмаған кәсіпкерлердің 210 мәселесі шешілді.

«Мұндай диалогтар ШОБ субъектілеріне ғана емес, нарықтың түйткілді мәселелерін бақылау үшін де маңызды. Қазір біз жер қатынастарында, мемле-кеттік сатып алуларда, салықтар бойынша көптеген мәселелер бар екенін көріп отырымыз», – деп атап өтті Алматы қаласы ӨКП кәсіпкерлерді қорғау жөніндегі басқарушы директоры Мейрамбек Қаныбеков.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ӘДІЛЕТ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ӘРҚАШАН ҚОЛЖЕТІМДІ

Электрондық мемлекеттік қызмет-тер әрқашан ыңғайлы, қолжетімді, жылдам, сапалы, сенімді және ашық. Мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша бизнес-процестер үнемі жаңартылып отырады. Бұл өз кезе-гінде тұрғындарға оларды барынша қысқа мерзімде алуға мүмкіндік бе-реді.

Мысалы, егер бұрын ММИБ тіркеу және оның төрағасын таңдау үшін үй тұрғындарымен бірнеше рет кез-десу өткізуден бастап, әділет орган-дарына тиісті өтініш беруге дейінгі жұмыс атқарылатын болса, енді ұялы телефондағы «Өз үйіңді басқар» қосымшасы арқылы онлайн өтініш беру жеткілікті. Мобильді қосымшаны Google Play немесе Apple Store тегін жүктеп алуға болады.

«Өз үйіңді басқар» қосымшасында онлайн форматта дауыс беруге бола-ды, яғни тұрғындардың қолы онлайн

жинау, дауыстарды автоматты түрде санау, кворум және электронды хат-таманы қалыптастыру оңай әрі тиімді. Сондай-ақ, ММИБ электрондық тіркеу үшін «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер базасына төрағаның, хатшы-ның және үй кеңесінің қолы қойылған электрондық хаттаманы жіберу мүм-кіндігі қарастырылған. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі берілген күннен бастап 1 жұмыс күнін құрайды.

ММИБ электрондық тіркеу – бұл, ең алдымен, ММИБ қызметінің ашықтығы, алаяқтық әрекеттерді болдырмау, үйді басқарудағы процес-терді автоматтандыру, қағаз айналы-мын жоюға бағытталған.

Ф. МАХМЕТЖАНОВА,
Ақмола облысы Әділет департаменті коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

ТАРАЗЫ

КЕЙІПКЕР

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – БҮГІНГІНІҢ БАТЫРЛАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Газ түтіннен қорғайтын құра-лымды киіп, өрт ішіне кіріп кет-тім. Еңбектеп жүріп иістен талып жатқан бір адамды көтеріп, далаға алып шықтым. Өрт ішінде зардап шегушінің бар-жоғына көз жеткізу үшін өртеніп жатқан қоймаға кіру-ге тағы тәуекел еттім. Қойманы аралап жүріп, төр жақта етпеттен құлап жатқан тағы бір адамның сұл-басын байқап қалдым. Бойымдағы бар күшімді жиып, есікке қарай бет-тедім. Бұл өрт өз күшіне енген сәт еді. Ыстық жалынның аяқтарымыды шарпығанын сезіп келемін. Бірақ тоқтамауым керек. Тоқтай қалсам, зардап шегушімен бірге опат бо-луым мүмкін. Тынысым тарылып, көз алдым бұлдырап барады. Бо-йымнан күш кетіп қалғандай.

– Шаршадым! Біттім! – дейді ішкім дауысым.

– Жоқ! Тағы 4-5 қадам жасасам, әріптестерім мені есік алдында күтіп тұр, – дейді екінші дауыс.

– Жо-жоқ! Аяқтарым өртеніп жатыр. Әсіресе, сол аяғым оттың табынан күйіп барады. Шыдай алар емеспін, – дейді бірінші дауыс қайта.

– Мен шыдаймын! Мен – батыл өрт сөндірушімін! Сыртта өзім кө-теріп келе жатқан зардап шегушінің туыстары да тосып тұрған болар... Менің қолымнан келеді!!! Қалай да соңына дейін барамын!

Осы сәттегі ішкі арпалысымды сөзбен суреттеп жеткізу мүмкін емес. Айналасы 1-2 минутта адам-



дығымен өлшеніп отыр. Артында қалған шиеттей балапандарының өмірі, бір жағынан, біздің мойны-мызда. Ұйымның негізгі мақсаты да осы. Ардагерлерімізді ұмыт-пай, көмек ету, білгендерін кейінгі буынға үйретуіне жағдай жасау. Жалпы ұрпақтар сабақтастығын үзіп алмаудың маңызы зор. Соның арқасында жастар ардагерлерден тәлім-тәрбие алып, тәжірибе жи-науда. Қазір төтенше жағдай қыз-метіндегі мамандардың 70 пайызы жастар. Дегенмен, осы уақытқа дейін аз жалақыны қанағат етіп, кәсібін бірінші орынға қойған, ма-териалдық игілікке қызықпаған, өз

екен. Баланың тілі бал ғой. Жас кезден үйренгені өздеріне жақ-сы. Біздің алдымыздағы аға буын музей ашып кетіп еді, ал оның бү-гінгі жұмысын біз қамтамасыз етіп отырмыз. Спорттық шаралар да өткіземіз. Өрт қауіпсіздігі бойынша жарыс, спорттан сайыс, шахмат, футболдан түрлі додалар ұйымдас-тыруға бастамашы болып жүрміз. Бұл шаралардың пайдасы болмаса, зияны тиіп жатқан жоқ.

– Аға, өткен мен бүгінді салыстырғанда ойыңызға не оралады?

– Екі заманды салыстыра ба-яндап берейін. Бұрын шұлықтан каскаға шейін сапалы материал-дан жасалатын. Бүгінгі жараққа көңілім толмайды. Тендер тапсы-рысы арқылы келген заттар біздің жұмысқа жарамсыз. Су шланғысын «рукава» дейміз, бұрынғы мате-риалдар тіпті шірімейтін. Бүгінгісі екі-үш шақырылымға барған соң, қысымға шыдамай жарылып жата-ды. Ол бір деңіз. Екіншісі – бізден көп жеңілдік алынып тасталды. Айлығымыз шайлығымызға жетпей жүргенде, жеңілдіктердің алынып тасталуы қалтаға кәдімгідей ауыр-лық салады. Кезінде еңбек демалы-сына шет мемлекет асуға мүмкіндік беріліп, коммуналдық төлем, авто-буста тегін жүруге жеңілдік алушы едік. Қазір осы игіліктің бірі де жоқ. Үйсіз қызметкерлерге баспана да берілетін. Көзім көріп келеді, 20 жылда үй алған бір де бір маман болмады. Айтпаған адамым, бар-маған жерім жоқ. Жасаймыз дейді, көмектесеміз деп жылы қабылдап шығарып салады. Әзірге басшы-лардың сөзіне сеніп, күтуден басқа шарамыз болмай отыр. Дегенмен, өмірін қатерге тігіп, қызмет қылған жандарға жағдай жасауды оңтай-ландыруды тездетсе құба-құп. Ел-дің адамдарына ішер ас-су, жақсы құрал, аз-кем жақсы демалыс пен сәл көңіл бөлу ғана алдағы уақытқа жақсы мотивация берер еді.

– Мүмкін осы жазбамыз құзырлы органдардың на-зарына ілініп, шенділердің ширақ қимылдауына септі-гі тиер. Сөз соңында әріп-тестеріңізге деген тілек-лебiziңізді білсек.

– «Өрт – тілсіз жау» деген сөздің артында адам тағдыры мен өмірге маңызды дүниенің жермен-жексен болуы тұр. Шын жүреппен беріліп істеген ісімізді ел елеп, халық баға-лап жатса, біз үшін марапаттың үл-кені сол. «Тәрбие – тал бесіктен», «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» деп жатамыз. Ардагерлерді де, жастарды да ұйымдастыра білсек, бірлігін нығайта білсек, ұлы істер тындыра аламыз. Халық қайғы мен жамандықта ғана емес, қуаныш пен күнделікті өмірде де бас құрап, ынтымақты өмір сүрсе деймін. Ең бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

«Ұрланған он екі бас жылқының оны табылды, бір айғыр мен жабағының ізі шығар емес». Жастайынан малдың сырына қанық, жер бедерін жақсы білетін тәжірибелі тергеуші ойланып қалды. Ұрланған малдарды осы уақытқа дейін сойып, айғақтарын адам аяғы баса бермейтін шалғай бір жерге апарып жасырғаны анық. Қай жерлер көзден таса қалды? Қыстақ, қора-қопсы... әжетхана?!

– Мынау менің малым, дәл өзі! Артында ағы бар, қараңыздар, – жәбірленуші жан-жағы қоршалмай ашық жатқан бұрынғы әжетхана орнында бүркеулі жатқан терінің құйрық жағынан тартып қалғанда, арқасындағы қалы ағараңдап, жоғалған жирен қасқаның бар айғағы шыға келді. Айдың-күннің аمانында барыптаға барған ауыл тұрғыны: «Айдалаға кім келіп, кім кетпей жатыр, біреу әкеліп көміп кеткен де», – деп әлі байбаламға салып жатты...

Кейін ол кінәсін мойындап, тиесілі жазасын алды. Ал қылмыстық істі тағы да бұлтартпас деректермен ашқан ішкі істер қызметкері Дархан Бұлжанов бұдан кейін де талай мал ұрлығын әшкереледі. Бұл – Қызылқоға ауданы, Сағыз ауылындағы Иткүшік деген жердегі мал қыстауында 2010 жылы болған оқиға еді.

* * *

«Әке көрген оқ жонар». Полиция подполковнигі, ұзақ жылдар Атырау облысы, Қызылқоға ауданы ішкі істер бөлімінде жемісті қызмет еткен Сайын Бұлжанұлының үш баласы – Дәурен, Дархан, Асан Бұлжановтар түгелдей осы саланы таңдады. Соның ішінде ортаншы ұл, полиция подполковнигі Дархан Сайынұлы – бүгінде Қызылқоға аудандық полиция бөлімі бастығының тергеу ісі бойынша орынбасары және тергеу бөлімшесінің бастығы. Мамандығына сай білім алғаннан кейін еңбек жолын Қызылқоға аудандық ішкі істер бөлімінің тергеу бөлімінің тергеушісі қызметінен бастап, аға тергеуші, басшының тергеу ісі жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтеріліп, «ҚР полициясына 25 жыл», «ҚР полициясына 30 жыл», «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалдарымен, «Тергеу қызметіне 50 жыл», «Анықтау қызметіне 30 жыл» мерекелік төсбелгілерімен марапатталып, 2021 жылы Қызылқоға ауданы бойынша «Үздік полиция» номинациясын иеленді. Ал былтыр 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні қарсаңында Атырау облысы полиция департаменті қызметкерлері арасында ұйымдастырылған «Департамент барысы» байқауында қазақ күресінен шашасына шаң жұқтырмай, жеңімпаз атанды. Айта берсе, еленген еңбегі үшін алып жатқан мақтау-марапаты аз емес. Соның ішінде, ең бастысы – халықтың алғысы мен үлкендердің батасы болса керек-ті.

Ал «Мал ашуы – жан ашуы» дейтін халықтың Дархан Бұлжанов дегенде көңілі де, пейілі де бөлек. Атакәсіпті құлдыратпай, төрт түлігін жамыратып отырған Қызылқоға ауданында мал ұрлығы бола қалса, оны Дарханның ізін суытпай ашып, «барымташыларды» бар айыбымен қолға түсірілеріне бәрі сенімді. Ел мақтаған жігіттің даңқы басқа жақтарға да жетіп, көршілес аудандар да мұндай қылмыстарды ашу үшін Дарханды ыссапарға шақырып, ақыл-кеңесіне құлақ асатын болған. Уақытпен санаспайтын, жүгі мен жауапкершілігі көп жұмысына, әке аманатына адал, біртоға, қарапайым жігіт осы кезде дейін қанша мал ұрлығын ашқанын санамапты да, «Статистикасын Үлмеймін» деп қысқа қайырады.

– Дархан Сайынұлы, малды ұрлайтын кімдер?

– Қылмыс ешқашан жас талғаған емес. Дегенмен онымен 30-45 жас аралығындағы қарулы, көбінесе тұрақты жұмысы жоқ ер адамдар айналысады. Мал ұрлығы үйден жырақта жасалып, мал сырт жақтан қолды болып, сойылатын болғандықтан, ұрының «кәсібінен» үй-іші, жақын-жуығы хабарсыз болып жатады.

Мал ұрлығы, әсіресе, ірі қара малды ұрлау бірнеше адамның күшін қажет етеді. Сондықтан бұған міндетті түрде ұйымдасқан қылмыстық топ-

тың қатысы болады. Мұндайда біреуі малдың жайылған, тұрған жерін барлап, келесілері көлікке тиеуі, қасапханаға апарып союы, сатуға өткізуі мүмкін. Сондай-ақ, қылмыскер малды жаяу айдамайтыны анық, ұрланған мал көп жағдайда «УАЗ» көлігіне тиеледі. Менің практикамада жеңіл автокөлікпен, «Газель» көлігімен мал ұрлаған деректер кездесті, олардың барлығы да, қазіргі заң бабына сәйкес, айғақ көлік ретінде сот шешімімен тәркіленді. «Ұрлық түбі – қорлық» дегендей, бір отбасының күнкөріс көзіне айналып отырған, тіпті банкте кепілдемеде тұрған транспорт құралдары осылайша бір жаңсақ әрекеттің кесірінен тәркілеуге ұшырайды, оңай жолмен пайда тапқысы келгендер осындай жайларды ескеруі тиіс.

Соңғы жылдары мал ұрлығына байланысты заңның қатаңдатылуы оң нәтижесін көрсетіп келеді. Енді менің бір ұсынысым – ветеринарларға қойылатын талапты да қатаңдату. Ұрланған малды алып жүру және етке өткізу мал дәрігерінің қолы қойылған, мөрі басылған ілеспе құжаттары берілген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Ал кейде ветеринар алдына келген кісінің «менің малым еді» деген сөзіне

Дархан БҰЛЖАНОВ,

Атырау облысы, Қызылқоға аудандық полиция бөлімі бастығының тергеу ісі бойынша орынбасары:

«МАЛ ҰРЛАП, БАЙЫҒАН АДАМДЫ КӨРГЕН ЖОҚПЫН»

сеніп, құжат бере салады. Ол жұмысына әсірежауапкершілікпен қарап, малдың нақты иесін тексеріп барып құжат берсе, заңсыз әрекетке алдын ала тосқауыл болуға септігі тиіп, тергеу ісін жеңілдетер еді. Нақты заң механизмі болмағаннан кейін, ветеринар «иесі келіп тұрғасын бере қойып едім» деген желеумен жауаптылықтан құтылып кетіп жатады. ...Жоғарыда мал ұрлығы ұйымдасқан сыбайлас топтың көмегімен жасалады дедім ғой. Көп адам жүрген жерде қандай да бір «утечка» кетіп жатады, машинадан малдың құмалағы, жүні, қан іздері табылады, болмаса біреуі мас күйінде қайда барып, не істегендерін айттып қояды, тағы сондай әрекеттер кездеседі. Айыпталушылар біразға дейін кінәсін мойындамай, «мені ұрып-соқты, қылмысты жазықсыз мойныма ілгісі келді» деп жер-жерге полицияның үстінен шағымданып жатады, бірақ біз нақты айғақтарды бұлтартпас дәлел-дәйектермен көрсеткенде, жалтара алмайтынын біліп, оқиғаның жай-жапсарын баяндап береді.

* * *

Бірде ауыл тұрғынының қорасында қамаулы тұрған тоқтысы жоқ болып шықты. Қорасы жабық, он шақты қойдың ішінен осы тоқтыны қолды қылған.

...Дархан ұрының алыстан келмегенін білді. Не болғанда да, осы маңайдан, қолы бостықтан зеріккен, бәлкім, «ашы су» ішкеннен кейін тіскебасар іздеген жігіттер болса керек. Абайдың «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласы» дегені қалай дәл айтылған?! Тепсе темір үзетін дер шағындағы ер-азаматтар еңбектенсе, екі қолына бір күрек табылар еді. Оның орнына ауылы аралас, қойы қоралас отырған жерлестерінің ақадал малына қол салып жүргендері. Қай малды да жем-шөбін қамдап, күтіп ұстау оңай емес. Күнкөрісі, бала-шағасының қамы үшін оның бар бейнетін тартып отырған адамға қиянат жасау – әрине, ауыр қылмыс.

Тергеуші тергеу ісін ұрлық болған үйдің көршілерін, оларға кімдер келіп-кеткенін анықтаудан бастады. Себебі ауыл-ұй арасында шарбақтан секіріп түсе қою аса қиындық келтірмейтіні анық еді. Көп ұзамай күдіктілер қолға түсті.

...Үй жанындағы дүкеннен «Синяя гора» арағын алып ішкен 34 жастағы А.Р. кәдімгідей масайып қалды. Жұмыссыз болғасын ішкен



кезде өзі сияқты ерігіп жүргендерді жағалайтын әдеті. Сөйтіп, бастары қосылғасын аздап көңіл көтеретіндері бар. Бірақ, оған да ақша керек емес пе? Жұмысы жоқ адамға кім қарыз берер дейсің?! 1985 жылғы танысы Б.И-мен отырысты жалғастырған А.Р. мәселені шешудің төте жолын ұсынды. Іргесінде отырған көршінің қорасында бірнеше қойы бар. Кешқұрым бір тоқтысын алып кетсе, байқамайтын да болар. «Іздегенге сұраған» деп Б.И. «ұсынысты» қуана қолдады.

Қараңғы түсе, екеуі көршінің үйінде кісінің бар-жоғын аңдап қарап алды. Сосын біреуі «күзетке» тұрды да, екіншісі қораның ілмелі және ысырмалы ілмектерін (жақсылап жапқан-ақ екен) қолымен ашып, ұсақ жандықтардың ішінен бір бас қара түсті, сырғаланып, оң жақ құлағы кесілген, сол жақ құлағында сары жібі бар ұрғашы тоқтыны көтеріп ала шықты. Кейін бұл әрекет ҚР ҚК-ның 188-1-бабының 3-бөлігі 2-тармағында көрсетілген мал ұрлау, яғни бөтеннің малын алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы болып, мал қораның ауласына кірумен жасалған жасырын жымқыру деп көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылық деп бағаланды. «Жаздым-жаңылдым» деп кешірім сұраған ұрылар бес жылға бас бостандығынан айырылып, жазаның мән-жайын жеңілдететін жай ретінде екеуінің де бұрын істі болмағаны, шын көңілдерімен өкініш білдіргені, бірінің кәмелетке толмаған жас балаларының болуы есепке алынады.

* * *

– Мал ұрлығы жылдың қай мезгілінде көп жасалады?

– Тұрғындар қысқа дайындалып, алдағы соғымын қамдай бастаған күз кезінде мал жиі ұрланады. Мал жайлауға шыққан, жер аяғы кеңіген жаз мезгілінде көп ұрлық тіркеле қоймайды. Себебі жазда етті сақтаудың өзі қиындық келтіреді. Дегенмен арақ-шарап ішіп, көңіл көтеріп отырғанда сірне жеу үшін ұсақ марқаларды ұрлап, ұзатпай сойып жеген жағдайлар кездесті.

– Кей ауылдарда малды кімнің ұрлайтынын сезіп-біліп жүрсе де, тұрғындардың оған кеңшілік танытып, «ел ішінде бір тентек жүрмей ме?!» деп кешіріммен қарайтыны болушы еді ғой. Түптеп келгенде, мал ұрлаған туысы болып шығатын жағдайларды да естіп қаламыз.

Мұндай кезде жәбірленуші «бас жарылса, бөрік ішінде» деп жасырып-жауып, кешірім бере салуға тырысатын болар?

– Айта кету керек, халықтың бұл жағынан сауаттылығы артып келеді. Арқасын кеңге салып, «өзіміз ғой», «бір қателескен шығар» дегендей жалпақшешейлікке салынатын адам қазір жоқтың қасы. Көпшілігі шығынның өндірілуін, ұрының заң бойынша жазалануын талап етеді. Содан кейін нақтылап айта кетейін, мал ұрлығы ауыр қылмыс санатына жататындықтан, оны жасаған адамның кешірім сұрағаны ескерілмейді, бұл қылмыста медиация қолданылмайды. Бір жолы жәбірленушінің малын өзінің туған жиені қолды қылғаны анықталды, ол туысының теріс әрекетін кешіргісі келетінін айтқанмен, біз істі сотқа жібердік. Кез келген саналы адам қандай іске де бармас бұрын ойлануы, ұрының арты қуыс, ал өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам екенін білуі тиіс.

* * *

Ауылдағы шаруа қожалығының басшысы 40 бас сиырын бағу үшін айына 80 мың теңге жалақы төлеп, 1977 жылғы М.А.-ны жалдады. Арада бір ай да өткен жоқ, М.А. «арақ әпереміз, пайданы бөлісеміз» деп келген үшеудің сөзіне еріп, иесінің бір бас үш жасар қызыл қасқа, сырғаланған сиырын құдық басынан арқан жіптен құрақтап, ұрлауға келгендердің көлігіне тиеп салып береді. Ұрлық мал тиелген «Газ» маркалы автокөлікті трасса бойынан құрықтаған полиция патрулі олардың осындай басқа да эпизодтарға қатысы барын анықтады. Жәбірленушіге келтірілген шығын 300 000 теңгеге есептеліп, аманатқа қиянат жасаған бақташы жазаға кесілді.

* * *

– Малды ұрыдан қалай сақтауға болады?

– «Сақтансақ сақтаймын» деген, ұрлық көбінесе бақташының жоқтығынан болып жатады. Менің өзім де мал ұстаймын, малымды бақташыға қосамын, басқаларға да сондай кеңес беремін. Оған аймайын мал басына төленетін бір мың теңгеден қашпау керек, малың ұры-қарыға жем болса, шығатын шығын бұдан бірнеше есе көп болмақ. Осы кезге дейін бақташы қарап жүрген малды күштеп алып кетпек болған әрекет тіркелген емес. Бақташы ұрылармен сыбайлас

болған бір жағдай әшкереленіп, тергеу ісі бойынша қылмыстық акт жасалды.

Өкінішке қарай, «малға кім тиер дейсің», «жоғалса, полиция тауып береді» деп жайбарақат жайып жіберетін тұрғындар да болады. Қазір жыл сайын мал ұрлығының ашылу дерегі көбейіп келеді. Төрт түлігінің жоқ екенін байқаған бойда, ізін суытпай полицияға хабарлаған адамдардың малының табылу мүмкіндігі өте жоғары. Әйтсе де, «біреудің малына қосылып кеткен болар», «үйді өзі тауып келер» деп уақыт өткізіп, арада 2-3 ай өткенде арызданып жататындар да бар, мұндай жағдайда «із» тауып, қылмысты ашудың өзі қиын.

Сондай-ақ далада жайылып жүретін жылқы ұрлығы да азайып келеді, өйткені қазір жылқыға GPS қондырғысын орнататын болды, сол арқылы иесі малының қайда жүргенін ұялы телефон арқылы біліп отырады. Біз мұндай өркениетті әдіс-тәсілдің бәріне біртіндеп келе жатырмыз. 2020 жылы Қызылқоға ауданы Жангелдин ауылынан 20-30 шақырымдай жердегі бір малшының 24 бас жылқысы қолды болғанын қасапханада пышаққа ілігіп кеткелі тұрған жерінен бір-ақ анықтадық. Ұрлаған адамдар Мақат пен Қызылқоға аудандарының екі тұрғыны болып шықты, малдардың бір де бірінде құжат жоқ болғасын, бірден

құрықталып, заң бойынша үш мың айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеу немесе бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына кесілді. Қызық болғанда, бір үйір жылқының иесі малының ұрланғанын білмейтін де болып шықты. Жұмыс барысында осындай бейғамдықты, жайбарақаттықты көріп, бетпе-бет келіп жататын кездеріміз аз емес.

– Мал ұрлығын әшкерелеуде жер-жердегі полиция бөлімшелері бір-бірімен қаншалықты тығыз байланыста жұмыс істейді?

– Әрине, бірлесе жұмыс істейміз, себебі онымен айналысатындар қолға түспей, ізін тез суыту үшін малды басқа жақтан ұрлауды көздейді. 2014 жылы Батыс Қазақстан облысы тұрғынының екі жылқысын ұрлағанын анықтадық, ар жағын қазбалай келгенде, түйе малын ұстап кеткен эпизоды да шықты. Жалпы, көрші облыстағы ұйымдасқан қылмыстық топ ретінде әшкереленген осы көлемді топқа байланысты бізде 17 қылмыстық іс болды, оның тек екеуін дәлелдей алмадық, қалғаны түгел дәлелденіп, мойындалды.

Сол сияқты Қызылқоға ауданы шекаралас орналасқан Ақтөбе облысы, Ойыл ауданындағы әріптестермен де қоян-қолтық жұмыс істейміз. Ол жақтағы полиция бөлімшелерімен кезінде марқұм әкем де сөйлесіп, қылмыстарды бірлесе ашып отыратын, яғни, бұрыннан қалыптасып, бір ізге түскен байланыс бар.

– Мал ұрлығынан байып кеткен адамды көрдіңіз бе?

– Жоқ! Оны айтасыз, жегені желкесінен шығып, тірнектеп жинаған мүлкінен айырылып қалып жатқандар қаншама?! Заңға сәйкес, банктен рәсімдеп алған мүліктеріне дейін тәркіленгендер де болды. Адал жолдан аттап, заң бұзушылық жасау ешқашан ешкімге опа берген емес. Қылмысын мойындап, шығынын өндіріп, жазасын өтеп келгендердің арасында бұл «кәсібін» біржола қойғандары бар. Содан кейін бес уақыт намазын оқып, дін жолына түскендер де болды. Өкініштісі, бірлі-жарым түрмеден келгеннен кейін де қайтадан мал ұрлай бастағандар кездесті. Олардың қай-қайсысы да пробациялық есепте бақылауда тұрады.

Гүлжаз ОРАЗ,
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАРДЫҢ СОТТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУ РЕТІ

Қазақстан Республикасының Президенті 2023 жылғы 27 наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Түзетуге сай, балалардың мүдделеріне қатысты заңдардың жекелеген ережелері нақтыланды, сондай-ақ көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың (бұдан әрі – ювеналды сот) құзыретіне азаматтық істердің кейбір санаттары берілді.

АПК-нің 27-бабының үшінші бөлігінің жаңа редакциясына сәйкес, ювеналды соттардың соттылығына төмендегі даулар бойынша азаматтық істер қосымша берілді:

- көмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу туралы;
- мүлкті бөлу туралы (көмелетке толмаған балалар болған жағдайда);
- жақын туыстарының олардан бөлек тұратын баламен қарым-қатынас тәртібін айқындау туралы;
- заң негізінде емес басқа адамдарда тұрып жатқан баланы алып қою туралы;
- ата-ана құқықтарының шектеулерін жою туралы;
- бала (қыз) асырап алуды жарамыссыз деп тану туралы;
- алимент мөлшерін өзгерту туралы, алимент төлеуден босату туралы, көмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға өндіріп алынатын алимент бойынша берешекті төлеуден босату туралы;
- көмелетке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау туралы;
- Қазақстан Республикасына заңсыз ауыстырылған немесе Қазақстан Республикасында ұсталатын баланы қайтару туралы немесе осындай балаға қатысты Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың және тараптардың бірі көмелетке толмаған болып табылатын басқа да істердің негізінде қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы («Қазақстан

Республикасының халықаралық шарты негізінде баланы қайтару туралы немесе балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы өтініштерді қарау жөніндегі іс жүргізу» АПК-нің 51-тарауы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысының 4-тармағына байланысты, егер жақын туыстары ата-аналарымен не олардың біреуімен келісімге келе алмаса, онда қарым-қатынас тәртібін айқындау туралы дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда медиация тәртібімен немесе осы органның, баланың ата-аналары мен туыстарының қатысуымен сот шешеді.

Осылайша, талап қоюшы істердің осы санаты үшін заңнамада белгіленген дауды сотқа дейінгі алдын ала шешу тәртібін сақтауы тиіс. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 74-бабының 1-тармағына, Нормативтік қаулының 2-тармағына сәйкес, ата-аналар баланы заң немесе сот шешімі негізінде емес ұстайтын кез келген адамнан қайтаруды талап етуге құқылы.

Осыған байланысты ювеналды соттардың соттылығына заң негізінде ғана емес, сот шешімі негізінде де емес, басқа адамдардан баланы алып қою туралы даулар кіретінін есте ұстаған жөн.

Динара МУТУБАЕВА,
Қарағанды облысының
көмелетке толмағандар
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы

ТҮЙТКІЛ

Соңғы жылдары елде жүргізушінің жауапкершілігіне байланысты ережелер мен заңдылықтар күшейді. Оған себеп те аз емес. Елдегі статистика Қазақстан аумағында жол-көлік оқиғаларының көптігін, оның салдарынан зардап шегіп, тіпті қайтыс болып жатқандар санының жыл өткен сайын көбеймесе, азаматты отырғанын көрсетті.



ЖОЛ АПАТЫН АЗАЙТУ ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

Көлікті мас күйінде жүргізу, жол ережелерін сақтамау, жылдамдықты асыру, қарсы бағытқа шығып кету, ұзақ уақыт рөлде жүру келеңсіздіктерге себеп болуда. Мемлекетте жол қауіпсіздігіне қатысты жүргізушінің жауапкершілігін арттыруға қатысты әртүрлі бағдарламалар бар, алдын алу шаралары үнемі жүргізіледі. Полиция қызметкерлері қарапайым көпшілікпен кездесулер ұйымдастырып, жолда жүрудің қауіпті тұстарын айтып, жүргізуші жауапкершілігін оятауға тырысып жүр. Біраз уақыттардан кейін республиканың барлық аймағында оқу жылы басталады. Бұл – жол қаупін екі еселейтін процесс. Себебі әдеттегі қалыпты ересек жүргіншіге енді мектеп жасындағы балалар қосылады. Осы ретте жыл сайын «Қауіпсіз жол», «Мектепке жол», «Жүргізуші, абайла!» секілді акциялар ұйымдастырылып, мектеп оқушыларына жолда жүру ережелері түсіндіріледі.

Бұны жол қауіпсіздігінің бір ғана бағыты десек, көп мәселе тікелей көлік айдаушы азаматтарға келіп тіреледі. Себебі жол көлік

оқиғалары көбіне солардың салғырттығынан, асығыстығынан туындап жатады. Өкінішке қарай, ол көптеген адамдардың бақытсыздығына себепкер болады. Деректерге көз жүгіртсеңіз, соңғы жол апаттарының басым бөлігі көлік шопырларының ұзақ уақыт ұйықтамауынан, жылдамдықты асырып, қарсы бетке шығып кетуінен болып жатыр. Оған кей жағдайларда мас жүргізушілерді қосыңыз. Мұның бәрін адам өміріне жасаған қастандық десек, артық емес. Осы ретте, біз өркениетті дамыған қоғам қалыптастырамыз, азаматтардың қауіпсіздігін басты орынға шығарамыз десек, жүргізуші мәдениетін де қалыптастыруға тиіспіз. Көлік рөліне отырған кез келген адам, ең алдымен, өзінің ғана емес, өзгенің де өмірі үшін жауапты екенін естен шығармауы тиіс.

А.ӨМІРЗАҚОВА,
Алакөл аудандық сотының
бас маманы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ӘДЕП НОРМАСЫ

Судьялық әдеп кодексінде судьялар үшін жүріс-тұрыстың әдеп қағидалары белгіленді. Сот органдары тәуелсіздігінің негізгі қағидаларының маңыздылығына судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сатылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтау туралы судьялардың жүріс-тұрысы жатады.

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – БІЗГЕ МІНДЕТ



Құқық пен демократияны сот билігінің тәуелсіздігін әділ сот талқылауына деген құқықтың базалық элементі кіршіксіз орындап келеді, азаматтардың, қоғамның, адамгершілік, адалдық мәселелерінде биліктің сот тармағына, сондай-ақ сот жүйесінің беделіне деген сенімі

қазіргі демократиялық қоғамда аса маңызды рөлге ие екендігі бәрімізге мәлім.

Мемлекеттік қызмет атқару мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды. Мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін,

білімі мен тәжірибесін атқаратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстанға адал да қалтқысыз қызмет етеді деп сенім білдіреді.

ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына, ҚР 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңына және жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

Мемлекеттік органдарының басшылары, орталық атқарушы органдарда – орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары немесе белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органдардың жауапты хатшыларының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғалар, ал орталық атқарушы органдардың жауапты хатшылары немесе көрсетілген лауазымды тұлғалар болмаған жағдайда – орталық атқарушы органдардың басшылары осы Кодекс талаптарының орындалуын, мемлекеттік органдардың ғимараттарында баршаға көрінетіндей жерлерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кіргеннен кейін үш күн мерзімде осы Кодекспен жазбаша түрде танысуы тиіс.

Ерлан ҮШБАЕВ,
Шахтинск қаласының
әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған сотының
судьясы

АСЫЛ МҰРА

ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ КЕМІМЕСІН!

«Қанша елдің тілін білсең, сонша түрлі ілім білесің».

Қазақ тілі – дүниедегі ең шұрайлы, кестелі тілдің бірі деп санаймыз. Қазақ тілі – өте бай тіл. Қазақ халқының бойына сіңген ата-бабаларымыздың тәлім-тәрбиесі, үлгі-өнегесі – біздің бүгінгі жетістіктеріміздің бастауы. Қандай деңгейге жетсек те – осы тілдің арқасы. Мемлекеттік тіл – біздің әрқайсымыздың мақтанышымыз. Ол қағаз жүзінде қалмай, күнделікті қолданысымызға енуі керек. Болашаққа нық қадам басып, ғұмыры ұзақ болуы үшін әрбір қазақстандық ат салысып, мемлекеттік тілдің мәртебесі үшін күресуге тиіс. Қазақ тілінің мәртебесін арттыру – ортақ парыз.

Сондықтан, ең бастысы, өзіміз тілімізді құрметтеп сыйлауымыз керек, ана тіліне жай көңіл бөліп қана қоймай, одан әрі қарай жетілуіне, заң жүзінде дамуына үлесімізді қосып, оны одан әрі дамытуға, қалыптастыруға күш салу қажет.

Тілді меңгеруді насихаттау жолында кәсіби курстар ұйымдастырылып, өткізіліп келеді, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру маңызды. Сұраныс бар. Тілді дамытуға қажетті қаржы да мемлекет тарапынан бөлініп отырады. Бұл да керемет мүмкіндік.

Айтып өткендей, тілді үйрену, сөздік қорды молайту үшін жасалып жатқан қазіргі таңдағы мүмкіндіктер, заманауи технологиялар, онлайн білім алу, онлайн сөздіктер – барлығы тілдің қолданылуын жақсартуға жасалған қадамдар.

«Ана тілін сүймеген, халқын сүйіп жарытпас» деген сөзде де терең мағына жатыр.

Абзал БАЛАБЕКОВ,
Көкшетау қаласының мамандандырылған
тергеу сотының судьясы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

КЕЗДЕСУ

Мәжіліс депутаттары «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Павел Казанцев пен Марат Бәшімов Елорданы абаттандыру және көгалдандыру жұмысымен танысты.

Халық қалаулылары Байқоңыр ауданының қоғамдық орындарын, Кенесары мен Егемен Қазақстан көшелерін аралады. Марат Бәшімов Астана тұрғындарына жайлы қала болуы керек екенін атап өтті.

«Қоғамдық орындар – қазіргі заманауи қалаларды дамытудың өзегі. Қала тұрғындары демалатын және серуендейтін орындар, жаяу жүргіншілер аумағы, алаңдар, көшелер, скверлер, бульварлар халықтың өмір сапасына тікелей әсер етеді. Олар БҰҰ индикаторында бірінші орында тұр. Сондықтан қоғамдық орындар мен аулаларды дамыту мәселесі партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған. Тиісінше, бұл жұмыс депутаттар бақылауында болады. Осындай жабдықталған орындарды елорданың өзге де аудандарынан, тіпті еліміздің барлық қаласынан көргіміз келеді. Президент қаланы көркейтуді барысында орын алатын олқылықтарды сынға алды. Себебі тұрғын үй тұрғызылғанымен, оған жақын маңда мектеп, балабақша, аурухана, тіпті демалуға арналған

МӘЖІЛІСМЕНДЕР ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСТЫ

аула салынбайды. Күні кеше ғана Байқоңыр кеш дамып келе жатқан аудандардың бірі еді. Бүгінде аудан гүлденіп, ата-аналар балаларымен бірге серуендей алатын керемет алаңдар пайда болды. Дамыған әлеуметтік инфрақұрылымсыз баянды болашақ болмайды», - деді мәжілісмен.

Депутаттар 13-тен астам шағын архитектуралық нысан орналасқан Журналистер аллеясына барды. Онда арка, күн сәулесін көлегейлейтін шатырлар, үстел үсті шамы, ақпараттық газет, балаларға арналған мозаика, «Журналист және оператор» мүсіні бар. Сонымен қатар, 230-дан астам жасыл желек отырғызылды. Мәжіліс депутаты Павел Казанцевтің айтуынша, бұрын мұнда жылу беру магистралі тартылған болса, қазір елорда тұрғындары мен қонақтары демалатын жайлы демалыс орнына айналды.

«Тез көркейіп келе жатқан қалада, әдетте, демалыс инфрақұрылымы сәл кешеуілдеп дамиды. Дәл қазір біз Журналистер аллеясында тұрып, бұл жердің қалай өзгергеніне куә болып отырмыз. Оның үстіне, мұнда жастар тұратын бірнеше тұрғын үй кешендері бой көтерді. Былтыр

Байқоңыр ауданында небәрі 2 қоғамдық орын болса, биыл оның саны 9-ға жеткізілмек. Сондай-ақ құрылыс барысында қандай материалдар пайдаланылатынына назар аудару қажет» - деді ол.

Депутаттар сондай-ақ, «7 Континент» тұрғын үй кешенінің ауласын тексерді. Онда 2 спорт алаңы, демалыс аймағы, балалар ойын алаңдары, воркаут аймағы, жүгіруге арналған жол, орындар және әткеншектер орнатылған.

Бүгінде Байқоңыр ауданында 23 қоғамдық орынды пайдалануға беру жоспарлануда. «AMANAT» партиясының Астана қалалық сайлауалды бағдарламасы аясында алдағы бес жылда 120 спорт алаңын орната отырып, 796 ауланы абаттандыру жоспарлануда. Бұл 750 мың тұрғынға қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған 2,4 мыңнан астам контейнер орнатылып, 175 контейнер алаңы жабдықталады. Бұған қоса, елордадағы «Темір жол», «Көктал», «Өндіріс», «Оңтүстік-Шығыс» және өзге де тұрғын алаптарында аула аумағы абаттандырылады.

Өз тілшіміз

МҰРАГЕРЛІК

4. 01.03.2023 ж. қайтыс болған аз. Қалмұрзаев Нұрлан Жа-ненұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагер-леріне және мүдделі тұлғалар Қызылорда обл., Шиелі ауд., Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

17. 21.08.2022 ж. қайтыс болған Нуртазаева Жаниль Ералиев-наның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерін нотариус А.С. Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуіңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел.: 87052700001.

18. 15 қараша 2021 жылы қайтыс болған Ахметов Досбол Өмірәліұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус Ғ.А. Шардарбековке келу-лері керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел.: 87022334499.

ӨРТҮРЛІ

3. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 47 үй мекенжайында орналасқан «Жамбыл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің, БСН 050240008665, құрамынан бөлу жолымен «Жамбыл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Жамбыл ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекет-тік мекемесін бөліп шығару жолымен қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай аралығында тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алма-ты облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 47 үй. Тел.: 8(72770)20314, 8(72770)23278.

10. Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық эконо-микалық сотының 11.08.2023 жылғы қаулысымен «КазСтройСер-вис НС» ЖШС-не (БСН 140740006854) қатысты оңалту рәсімі туралы іс қозғалды. Талаптар мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, А184 көшесі, 6, тел. +77761503169.

11. Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық эконо-микалық сотының 2023 жылғы 14 тамыздағы ұйғарымымен «ТазаалыЭксперт» ЖШС-не (БСН 180340015589) қатысты оңалту рәсімі туралы іс қозғалды. Заңды мекенжайы: ҚР, Қарағанды облы-сы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Сәкен Сейфуллин даңғылы, құрылыс 107.

14. «КТР НефтеХимСервис» ЖШС, БСН 081140017738, жарғы капиталының азайтылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау обл., Атырау қаласы, Солтүстік өнеркәсіптік аймақ, 5 үй. Тел.: 87122308889.

22. Абай облысы ветеринария басқармасының «Ақсуат-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 221240033328) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария сала-сындағы кейбір заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы және атауын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес, Абай облысы ветерина-рия басқармасының «Семей-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызметі тоқтайтыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Қазақстан, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылдық округі, Ақсуат ауылы, Амангелді көшесі, 1, пошта индексі 071500 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8(723)4621149.

23. Абай облысы ветеринария басқармасының «Көкпекті-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140003971) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария са-ласындағы кейбір заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы және атауын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес, Абай облы-сы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызметі тоқтайтыны туралы ха-барлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Қазақстан, Абай облысы, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылдық округі, Көкпекті ауылы, Қ.Аухадиев көшесі, 29 үй, пошта индексі 071000 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8(723)4827296.

24. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 56 үй мекен-жайында орналасқан «Жамбыл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемле-кеттік мекемесінің (БСН 101240003659) құрамынан бөлініп шығу жолымен «Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Жамбыл ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жария-ланған күннен бастап 2 ай аралығында тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекен-жай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 56 үй. Байланыс телефондары: 8(72770)21355.

25. Маңғыстау облысының МАЭС-тің 07.08.2023ж. ұйғары-мымен «Маңғыстау Жылу» МКК-на қатысты оңалту рәсімі туралы іс қозғалды. Кредиторлар талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Ақтау қаласы, 25-65, 2-қабат мекенжайы, abilorda@mail.ru эл.почтасы, тел.: 87029713161 бо-йынша қабылданады.

26. Маңғыстау облысының МАЭС-тің 15.08.2023 ж. ұйғары-мымен «Әділ сүт зауыты» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімі туралы іс қозғалды. Кредиторлар талаптары осы хабарлама жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Ақтау қаласы, 25-65, 2-қабат мекенжайы, abilorda@mail.ru эл.почтасы, тел.: 87029713161 бо-йынша қабылданады.

27. Абай облысы ветеринария басқармасының «Үржар-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 050240014154) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария сала-сындағы кейбір заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы және

атауын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес, Абай облысы ветерина-рия басқармасының «Семей-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызметі тоқтайтыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Үржар ауданы,Үржар ауылы, Семушкин кө-шесі, 2а, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8(72230)31283.

28. Абай облысы ветеринария басқармасының «Аягөз-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110240011609) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария сала-сындағы кейбір заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы және атауын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес, Абай облысы ветерина-рия басқармасының «Семей-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызметі тоқтайтыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Аягөз қаласы, Сейфуллин көшесі, 97/2, ме-кенжайы бойынша қабылданады. Тел: 87223737798.

29. Абай облысы ветеринария басқармасының «Жарма-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110240005575) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария сала-сындағы кейбір заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы және атауын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес, Абай облысы ветерина-рия басқармасының «Семей-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызметі тоқтайтыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Әйгерім кө-шесі, 67, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87225291880

30. Абай облысы ветеринария басқармасының «Бесқа-рағай-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110640022788) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы кейбір заңды тұлғалардың қайта ұй-ымдастырылуы және атауын өзгерту туралы» қаулысына сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызметі тоқтайтыны ту-ралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Әуезов көшесі, 35 мекенжайы бойынша қабыл-данады. Тел.: 8 72236 90742.

ТАРАТУ

2. «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Талдықорған, Өскемен, Орал, Түркістан, Тараз, Ақтау, Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Шымкент, Петропавл және Семей қалаларында «Сентрас Коммекс Life» ӨСК» АҚ филиалдарының қызметін тоқтату және есептік тіркеуден шығару туралы хабарлайды.

5. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің Құсақан бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 030440004021 (ҚР, Қостанай облысы, Бөльшевик ауылдық округі, Құсақан ауылы, Центральная көшесі, құрылыс 14А, пошта индексі 110714) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Қазақстан Республикасы, Қостанай облы-сы, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, 4 шағынаудан, 27 құрылыс, мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Тел.: 87143523037.

8. «Аза Макс Строй» (БСН 161140024768) өзінің таратылатын-дығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жа-рияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжай-да қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылдық округі, Шиелі ауылы, РҮ-6 көшесі, 6 үй, 1 пәтер.

9. «БОЛАШАҚ-ШИЕЛІ НЕСИЕЛІК СЕРІКТЕСТІГТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 130240017562) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жария-ланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Иіркөл ауылдық округі, Ы.Жақаев ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 88 үй.

12. «Халық и К» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 170640016714) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Та-лап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Керделі ауылдық округі, Нар-тай Бекежанов ауылы, Ишанқұл Досымбаев көшесі, 15 үй.

13. «Мәдениет» ата-аналар қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры, БСН 090640007679, заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Юбилейный» шағынауданы, 40 үй, 45 пәтер, өзінің жабылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарланды-ру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Көкшетау қаласы, Жамбыл Жабаев көшесі, 140, 206-кабинет мекенжайы бойынша қабылданады, тел.: 87056030586.

15. «Medina&Co» ЖШС, БСН 180240018252, өзінің таратыла-тындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-дыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 041617, Алматы облысы, Талғар ау-даны, Кендала ауылы, А.И. Смыков көшесі, 10 үй, 10 пәтер. Тел: 87022457673.

16. «HAN TALAPAI» қоғамдық қоры, БСН 200340008037 (Қа-закстан, Атырау обл., Атырау қ., Қайыршақты ауылдық округі, Томарлы ауылы, «Жұлдыз» тұрғын үй алабы, 34 көше, 6 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жа-рияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Рембаза ауылы, Гайдар көшесі, 3/2 үй. Тел.: 87024901591.

19. Маңғыстау облысы «Мұнайлы аудандық азаматтық хал ак-тілерін тіркеу бөлімі» ММ (БСН 150440007605) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар-ландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл., Мұнайлы ауданы,

«Sokrat-PV» Юрическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).	Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖҚ, Пе-тропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.
«Назар-1 фирмасы» ЖШС «РУТА» ЖА), ди-ректоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шым-кент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com	ЖК «Бакирова Ғ.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Де-партаментің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.	Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-танай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл кө-шесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.	«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхамет-ханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701	ЖК «SAPA KIZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@gmail.ru.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.	«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-18,(747)8097074.	«Реклама» ЖШС, Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай кө-шесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04	

Маңғыстау ауылы, 24 квартал, 10/3 құрылысы, тел.: 8(771) 362-13-26.

20. «Хамит» ЖШС, БСН 141040009132, өзінің таратылатын-дығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Құрманбаев көшесі, 5/2, пошта индексі 120200.

31. «BASTAU PLUS» ЖШС, БСН 180940029095, өзінің тараты-латындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарлан-дыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Локомотивная көшесі, 59/1 үй.

ХАБАРЛАНДЫРУ
Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы «Қызы-лорда облысының денсаулық сақтаубасқармасының «Көп бейінді қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы ком-муналдық кәсіпорнында байқау кеңесінің мүшелері лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. Конкурс өткізу күні: Конкурс өткізу туралы хабарландыру жа-рияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде. Конкурс өткізу орны: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, 2-қабат, 207 кабинет. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты. Анықтама телефоны: 8(7242)40-04-51 (3007, 3030).
Орналасқан жері: «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық кәсіпорны. Индекс 120001, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Н.Әбұов көшесі, ғимара-ты 29. Байланыс телефоны: 8/7242/29-01-06, электронды пошта: e-mail:k_ordagorbolnica@mail.ru
Негізгі қызмет түрі: қала және облыс халқына маманданды-рылған медициналық көмек көрсету болып табылады. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың болуы: 1. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (неме-се) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің; 2. Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (не-месе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің; 3. Денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестік-тердің мүшесі. Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: Конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде. Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі: 1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған); 2. Мемлекеттік және орыс тіліндеріндегі түйіндеме; 3. Өмірбаян (еркін нысанда жазылған); 4. Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; 5. Жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі; 6. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талабына сәйкес, жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі; 7. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлім-шелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсі-би деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру. ғылыми жарияланымдар, алдындағыжұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне бо-лады. Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді. Ішкі және сыртқы кон-верттер: 1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көр-сетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы; 2) «_____ – мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____ дейін ашуға болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көр-сетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс. Конкурстық өтінім шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша жіберіледі. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде үміткер ұсынған құжаттарды қарайды және үміткердің Талаптарға сәйкестігіне бағалау жүргізеді. Конкурстық комиссия жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша әңгімелесу күнін, уақытын және ол өткізілетін жерді көрсете отырып, шақыру жіберілетін, Талаптарға сәйкес келетін үміткерлерді іріктеуді жүргізеді. Құжаттарды қабылдау басталатын күн: Осы хабарландыруды мерзімді басылымда жариялаған күн.

ЖОҒАЛТУ

21. «ARDOGAN TUR» ЖШС, БСН 221140003253, 2022 жылы «Грузия универсальные» №9336298 шетелдік рұқсат қағазы алынған болатын.Осы рұқсат қағазының жоғалып қалуына байла-нысты жарамсыз деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілі-гінің ұжымы Жоғарғы Соттың судьясы Тыныштық Әмірқызы Молдахметоваға анасы
Бишамал Тілеубайқызы МОЛДАХМЕТОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.	ЖК «Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр.Әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.	«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаяева, Тараз қаласы, Койкелді кө-шесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.	ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қа-зақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-2258-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.	ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАНАЙҚАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атқамінерлер келіп жиналыс ашып жатады. Бірақ оған көбіміз қатыса алмаймыз. Өйткені күндіз бәріміз жұмыстамыз. Семейден, Өскеменнен, Қызылордадан, көрші ауылдардан көшіп келгендер бар. Олардың бәрі жұмыс іздеп келгендер. Өйткені бұл аумақта шеге, болгарканың тасын, дастарқан шығаратын, етік тігетін, т.б. өндіріс орындары көптеп салынып жатыр. Тауық базасы бар. Жұмыс көп, тек ауыз су мен жол мәселесі елді қинап тұр. Жаңа құрылыс жаққа жол әлі жетпеді. Олар өздері тас төктіріп жасаған боп жатыр. Газ да тартылып жатыр. Күзде газға қосыламыз ба деген де үміт бар...», – деп үзілмейтін үкілі үміттің жетегінде отырған елдің жайын атап өтті.

Өзін Гүлзатпын деп таныстырған тұрғынның айтуына қарағанда, 7 жыл бұрын біреулерге 35 000 теңге төлеп, 70 метр тереңдікті бұрғылау арқылы шығартып алған суды қолданады. Ал оның ішуге жарамды, жарамсыз екенін тексерген де ешкім жоқ. Ауыл тұрғындары ауыз судың азабын әбден тартқан. Соңғы 3 жылда ауыл халқының саны да күрт артқан. Сонымен қоса ауылға қатысты мәселелерлер де күрделеніп, әсіресе, ауыз су тапшылығы ұшығып барады. «Аудан әкімімен болған кездесуде шілденің аяғында суды қосуға уәде берген.

Осыдан соң Қайнар ауылдық округінің орталығы саналатын Еркін ауылының әкімдігіне бас сұқтық. Ол жерден ауыл әкімін таба алмадық. Алайда мәселенің мән-жайын білетін орынбасары Нұрбол Есенбаев: ««Еламан ауылын сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы» жобасын 2021-2022 жылы Талғар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі тендерге шығарған. Содан «Дәнекер» деген компания ұтып алған. Қазіргі таңда 97-98 пайыз жұмысын істеген. Қазір мердігер компанияның жауаптанып алған жұмысын толықтай аяқтамауына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қандай шешімнің қашан шығатыны әзірге белгісіз. «Талғар Су» мекемесі қосымша кешіліктерін қауап, құбырдағы ақауларын анықтап жатыр. Алда осы мекеменің құзырына өтетіндіктен, алдын ала толық тексеру жұмыстарын жүргізеді. Олар қабылдап алған соң ғана халықтың игілігіне беріледі. Егер іске қосылса, ескі ауыл мен жаңа құрылысты толықтай ауыз сумен қамтамасыз етеді. Ескі су құбыры арқылы халыққа су беріп отырған «Талғар Су» мекемесі 100-ге тарта үйді қамтып отыр. Ал жаңа құрылыстағы тұрғындар өздері құдық қаздырып алып, қолдарынан келгенше ептеп тірлік етіп отыр. Оларға әкімдік тарапынан көрсетіліп жатқан көмек жоқ. Мердігер компанияның жұмысты аяқсыз қалдыруы себепті аталған жобаның іске қосылу уақыты созылып жатыр...», – деген ақпар берді. Әр үйге жаңа құбыр тартылып дайын тұрғанымен, тұрғындардың оған қосылу құны әзірге белгісіз. Бұл баға «Талғар Су» мекемесі аталған жобаны қабылдап алғаннан кейін ғана олардың техникалық шарттарына байланысты белгілі болмақ.

Ауыл тұрғындарының тұрмыстық техникаларымызды да су мен электр қуатының жетіспеуінен қолдана алмай отырмыз деген базынасын жеткізгенімізде, электр жарығының жетіспеушілігін жаңа құрылыс аумағының жылдам өсуіне байланысты қуат көздерін тұтынушылар саны мен көлемінің артуынан деп түсіндерген ол: «Былыр бір трансформаторды іске қосқанбыз. Быыл тағы да қосымша трансформаторлар қоюға ауданға өтінім беріп қойдық. Қаражаттың оңтайлы шешілуіне байланысты іске асады», – дей келе, ауылға газ тарту жұмыстарының өткен жылдың қараша-желтоқсан айларында басталғанын да атап өтті. Айтуынша, бұрынғы жоба тұрғындар санына сәйкес келмеуіне байланысты тоқтатылған. Қазіргі уақытта жаңа жоба жасалып жатқан

көрінеді. Бірақ оған қажетті қаражат бюджет есебінен бөлініп қойған. Газ құбыры үкімет есебінен тартылатын болғандықтан, тұрғындардың оған қосылу бағасының жоғарғы шегі

әзірге 170 000 теңге. Жоба келесі жылы іске қосылатын болса, 1 айлық есептік көрсеткіштің өсуі негізінде, мысалы, 180-185 000 теңгеге дейін ғана өзгеруі мүмкін.

Ауыз сусыз аңқасы кепкен ела-мандықтардың жайын тілге тиек етіп, «Талғар Су» мекемесінің басшысы Қуатбек Нығметұлына да хабарластық. Аталған жобаның жұмысы әлі

аяқталмағанын, оны өз қарамақта-рына алмағандарын айтқан ол жоба туралы толық ақпарат беруге хақым жоқ деген пікір білдірді.

СУ АЗАБЫН ТАРТҚАН БІЛЕР...

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Талғар ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомо-биль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айбек АҚЫЛЖАНОВТАН да сұқбат алдық.

«Дәнекерге» сөзіміз жүрмей тұр

– Еламан ауылындағы жаңа су жүйесінің құрылысы қашан аяқталады? Ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ететін бұл жоба қашан іске қосылады? Халық тарыққаннан тығырыққа тіреліп отыр. Неге дайын жоба іске қосылмай кешігіп жатыр?

– Ол жоба бойынша 2020 жылғы 3 сәуірде «Дәнекер» деген компания жұмысты бастап, ауылдың ішкі құбырларын тартты. 2021 жылдың 30 қарашасында су жүйесін толық бітіріп, су жинақтау торабын іске қосулары керек еді. 2020 жылы жобаны қаржыландыру екіге бөлінді. Жобаның жалпы құны 265 800 000 теңгені құрайды. «Дәнекер» – облыс бойынша бірнеше аудандағы бірқатар нысандардың жұмысын дұрыс атқармағандықтан, жосықсыз кәсіпорындардың қатарына қосылған мекеме. Келісімшарттың уақыты біткен соң, бұларды сотқа бердік. Онда аталған компанияға бастаған жұмысын аяқтау туралы және шығынды өндіру туралы талап қойдық. Осы соттың шешімі бойынша 2 млн теңге көлеміндегі шығынды өтеу және жұмысты мәжбүрлі түрде аяқтату туралы шешім шыққан. Сот шешімі бойынша, осы жылдың сәуір айының соңына дейін жұмыстарын бітіруі керек болған. Сот шешімі шыққан бойда жұмысты қайта бастағандай болды да, тағы тастап кетті. Оны да орындамады.

Тіркелген мекенжайлары бойынша Жезқазғанда болғандықтан, сот шешімін мәжбүрлі түрде орындату үшін сот орындаушыларға да талап арыз жібердік. Мұның сыртында аталған мекемені тексеру үшін экономикалық тергеу департаментінің басқармасына да аудан әкімінің атынан хат жолдадық. Тұрғындардың өтініші бойынша «Талғар Су» мекемесімен бірлесіп тартылған құбырлардың ақауларын тексеріп шықтық. Енді «Дәнекерді» қайта сотқа береміз. Менің білуімше, қазір осы компанияның кесірінен 3 ауданда су жүйесі бітпей тұр. Еламан – жұмысы аяқталмай қалған төртінші ауыл. Естуімізше, бұлардан да бөлек бітпей жатқан нысандары бар көрінеді. Осы уақытқа дейін оларға қажетті қаражаттың 95 пайызы төленген. Ендігі сот шешімі шықса, оларға біз төлемеген 5 млн теңгедей қаржы бар, 3 млн теңгеге жуық банктік кепілдік бар. Барлығы шамамен 8 млн теңгедей болады. Осының бәрін жинап, аяқсыз қалған жұмыс жобасы конкурсқа қайта қойылады. Сол кезде оны кім ұтып



алады, солар қалған жұмысты жалғастырады. Ол үшін қосымша қаржы сұрмай, осы жинақталып тұрған қаражат есебінен қалған жұмысты бітіртуге күш саламыз.

– Өткенде аудан әкімінің кездесуінде ауыл ауыз сумен қамтамасыз етіледі деген уәде берілді. Шілде бітті, тамыздың жартысына жеттік. Ал сіз «Дәнекерді» қайта сотқа береміз деісіз. «Дәнекердің» ұстататын түрі жоқ. Бұл шаруаның бүгін-ертең бітпейтіні анық. Бұл ауылдың тұрғындары был ауыз суға қол жеткізе ме, жоқ па?

– Оның нақты уақытын айта алмаймын. Себебі соттың шешімінің оларға ешқандай шара қолдана алмаймыз. Талап арызды 20 тамызға дейін сотқа жолдаймыз. Сот шешімінің шығуына байланысты жұмыс жүргізіледі. Ауылдың жанайқайына айналған мәселесі тек ауыз су емес, жол салу, газ тарту деген сынды инфрақұрылымдық жайы да жетісіп тұрған жоқ. Ол мәселелер қашан шешіледі?

«Талғар Су» мекемесі жаңа су жүйесін қабылдап алған соң ғана жол жасауды қолға аламыз. Жолдардың техникалық құжаттары дайын. Ал газ жүргізу жұмыстары мемлекет есебінен іске асып жатыр. Алғашқы этап бойынша ауылға дейінгі магистральдық газ құбырлары тартылады. 42-ге жуық үй жобаға кірмей қалған. Сондықтан Алматы облыстық энергетика басқармасы бар, ауыл тұрғындары мен авторлық қадалау жүргізетін мекеме бар барлығы өзара келісіп жиын өткізіп, сол үйлерді аталған жобаға қосуға шешім қабылдаған. Түзету жұмыстары аяқталған соң, жоба жалғасын табады.

– «Талғар Су» мекемесі аяқталмаған жобаны әлі өткізіп алған жоқпыз деді. Ауылды аралап, көзімізбен көріп, құлағымызбен естігенімізге сенсек, Еламан жұртының қолы жеткені ескі құбырдан лай су

ішіп отыр. Жетпегені үйінің жанынан құдық қазып алып, ащы су қолданып отыр екен. Мектеп те сол лай суды сүзгі арқылы қолданып отырған көрінеді.

– «Талғар Су» жобаны толық өткізіп алған жоқ. Бірақ ескі құбыр арқылы ауылға су таратып отыр. Алда ескі желінің жұмыс істеп тұрған екі ұңғымасы арқылы болса да халыққа су беруді қарастырамыз. Биыл ауыз су тапшылығы мәселесі өте көп. Мысалы, Еламан ғана емес, Бесағаш, Тұздыбастау, Дәулет, Жаңалық, Арқабай, Қызылту, Панфилов ауылдарында да ауыз су тапшылығы бар.

– Осыны ауыл ауыз су тапшылығын тартып отырған болса, оны шешуге қабылданған нақты қандай шаралар бар?

– Облыс әкімдігімен бірігіп, жоғарыда аталған 7 ауылды сумен қамтамасыз ету жобасына 358 млн теңге қаражат бөлінді. Одан бөлек Бесағаштағы су жүйесін қалпына келтіру үшін арнайы жасалған жоба жұмысын аяқтап, мемлекеттік сараптау жұмыстарының жүргізіліп жатқанына бір аптадай уақыт болды.

– Бесағаш 20 жылдан бері ауыз су азабын тартып келе жатыр. Үнемі «Тас-құм» деген мекеменен айқайласып жатады жұрт. Неге?

– Кезінде жекеменшік процесі басталған кезде, ол ауылдың су жүйелерін «Тас-Құм» компаниясы меншіктеп алған. Су желілері 1970 жылдары салынған, әбден ескірген. Осы уақытқа дейін оған ешқандай жөн-деу жұмыстары жүргізілмеген. Осыған байланысты, әсіресе, жаз айларында халық ауыз судан тартылық көреді. Аталған су жүйесін мемлекет қарамағына алу мақсатында да келіссөздер жүргізгенбіз. Оған олар келіспеді. Бұрынғы аудан әкімінің тапсырмасымен Бесағаш әкімдігі тарапынан су желілерінің несі деп танып, тіркеген. Негізгі жобасы да әзірленіп, оның жұмысы 2020 жылы біткен. Бірақ су жинау торабына қажетті деп танылған жер телімдері «Қайрат» футбол клубының жаттығу алаңының мемлекеттік актісіне еніп кеткен. Ол мәселені де онынан шештік. Сондықтан жобаны қайта есептеу және түзету жұмыстары жүргізілді. 2021 жылдан бері атқарылған жұмыстың нәтижесі де мемлекеттік сараптамаға жіберілді. Қыр-күйек айының соңына дейін ол да бітеді деген жоспар бар. Өйткені мемлекеттік сараптаманың жасалу уақыты 45 жұмыс күніне негізделген. Бұл ауылдың мәселесі аудан, облыс қана емес, республикаға да мәлім. Жоба дайын боса, көп кешікпей қаражат та бөлінеді.

– Егер осы жобаның қаржысы бөлінсе, Бесағаш халқы қанша уақытта сумен қамтамасыз етіледі?

– Қаражат бөлінсе, барлық тұрғын үйлерге жаңа құбыр тартылып, жаңадан су жинақтау орындары салынады. Жаңадан су сорғызу станциялары орнатылады. Жобаға сәйкес, ол жұмыстар 24 ай, яғни 2 жылға жоспарланған. Ұмытпасам, жалпы көлемі 32 шақырымға жуық су жүйелері салынады. Магистральды су құбырлары тартылып, одан соң ауыл іші су желілері жүргізіледі.

айтқанбыз. Ауылдың ішін жаяу аралап, біраз мәселені көзімен көрді. 98 пайыз жұмысы біткен ауыз су жобасының құрылысын жақын арада аяқтап, іске қосуға да уәде берген және «Талғар Су» мекемесіне өткіземіз деген. Олар да сол толық біткенін күтіп отырған секілді. Жеке номерін де беріп, болмай жатса, айтыңыз деген. Өткенде хабарласқанымда, жан-жақтан қажетті қаражатты іздестіріп жатырмыз деді. Ендігі бар үміт осы кісіде.

Қазір әуірімдеп кезінде ақша жинап, ауыл боп өзіміз жасаған ескі су құбырынан су алып отырмыз. Жананың жұмысы жоқ, тұрысы мынау. Мұны 217 метр тереңдіктен бұрғылап шығарды. Бұл іске қосылса, ауыз су азабынан құтылар едік. Комиссия шығарып, қанша қаражат керек екеніне дейін есептетіп беріп қойдық. Біздің қартамыз бойынша, 700-800 үйді ауыз сумен еркін қамтамасыз етуге болады.

Ауылдағы 25 көшенің жырын айтып жүріп, асфальттап беріңдер дегенімізге де талай уақыт болды. Ол да қыскарып-қыскарып, қазір 12-сі қалды. Енді осыларды асфальттап, ауылға орталықпен байланыстыратын маршрут жүргізіп берсе, жақсы болар еді. Су қосылса, жолды да жасауға мүмкіндік бар деп отыр, – дейді ауыл ақсақалы.

Жанбота СҰЛТАНМҰРАТҚЫЗЫ

Баспаған тауымыз, қақпаған есігіміз қалмады

Ауыл тұрғындары Еламандағы барлық мәселені анық біледі деген соң ақсақалдар алқасының төрағасы Қоныс АЛШЫНБЕКОВПЕН де жолықтық.

– Білуімізше, «Ауыз сумен жабдықтау жүйесі құрылысы» жобасы бойынша жұмысты бастаған «Дәнекер» компаниясы Жезқазғанда тіркелген екен. Ал салып жатқан жігіттер Шымкенттік. Осы күнге дейін жұмыстарын шала-шарпы істеп созып жүріп, ақыры тастап кетіп қалды. Естуімізше, бізден басқа Кеген жақта тағы 5 ауылда жұмысын бастап, аяқсыз тастап кетіп қалыпты. Жұмысты аяқсыз қалдырып кетуіне қарағанда, Үкіметтен алатын ақшасын толық алып алғанға ұқсайды. Осы мәселемен баспаған тауымыз, қақпаған есігіміз қалмады. Халық қатты қиналып отыр. 2019 жылы басталған жұмыс, міне, әлі аяқталған жоқ. Ауданға барған сайын су сұрап Айбек Ақылжановқа соғамын. «Иә, иә, қарастырып жатырмыз, міне-міне» дегеннен ол да жалықпады, бара бергеннен мен де жалықпаймын. Өйткені ауыл ауыз сусыз отыр. Енді қанша уақыт қарастыратындарын Құдай білсін. Қалған жұмысты бітіру үшін 15 миллиондай теңгедей қаражат керек дейді. Аудан

үшін ол анау айтты табылмай қалатын қаражат деп ойламаймыз. Осында Серік Смагов, Өміржан Тоғайбайұлы сынды елге бас болар азаматтармен бірігіп облысқа дейін шықтық. Бірақ әлі күнге дейін еш нәтиже жоқ. Бәрі қатырамыз дейді, бірақ олар қатырып болғанша, елдің де сілесі қатып, кензесі кеуіп болатын түрі бар. Амал жоқ, сіздерге шығып отырмыз. Бұл да амалсыздың күні, бір көмегі тиер ме екен деген де үміт қой. Қолында құзыреті бар адамдардан бір қайыр болса жақсы болар еді-ау...

Кезінде Қайдар Әбдіханов әкім болып тұрғанда, осы сумен жабдықтау құрылысының бұрынғы орны саз, бүгін салғанмен, ертен құлап қалады деп қазіргі орынға көшірткен. Бұл жерге басқа инфрақұрылым жүргіземіз деген жоспарымыз бар еді. Бірақ ауыз судың азабын осы уақытқа дейін аз тартқан жоқпыз. Бүгін салып, ертең құлап қалса, тағы қиын ғой деп келіскенбіз. Мердігер компания бастауын бастады да, аяқсыз қалдырып, тастап кетті. Ал енді отырған түріміз мынау, әлі күнге



дейін мұның не құрылысы бітпеді, не су жоқ. Қазір ішіп отырған суымыз өте сапасыз, тіпті жарамсыз суды қолданып отырмыз десек болады. Мектеп те сол суды қолданады. Ескі құбырдан алып отырған су лайланып кетті. Сапасы да сын көтермейді.

Өткенде аудан әкімі Таңат Айдарбеков келіп, елмен кездескен. Сонда да

ЗАН газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАН» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Зан газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана
Тапсырыс №121 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ZANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Зан» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31